- 5 Nazarbayev N.A. *Global energy strategy for sustainable development in the XXI century*, Moscow: Economics, 2011, 194 p.
- 6 International news agency Kazinform in Astana presented Nazarbayev's book «Global Energy Strategy for Sustainable Development in the XXI Century», [ER]. Access mode: <http://inform.kz/rus/article/2391455>
- 7 Sustainable Energy Strategy for Future Concept of Kazakhstan until 2050, [ER]. Access mode: http://www.journal.escoc.co.ua/industry/2014_6_7/art303.pdf
- 8 «Kazakhstan – 2050» Strategy. New political course of established state, [ER]. Access mode: http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstana-14-dekabrya-2012-g_1357813742
- 9 Sustainable Development Knowledge Platform. Outcome Document – Open Working Group on Sustainable Development Goals, [ER]. Access mode: <http://sustainabledevelopment.un.org/focussdgs.html>
- 10 Resolution 56/180. Specific actions related to the particular needs and problems of landlocked countries (A/RES/56/180), [ER]. Access mode: <http://unohrrls.org/UserFiles/File/Maria/ARES-56-180.pdf>
- 11 Website of the Ministry of Foreign Affairs. Almaty hosts visiting meeting of Permanent Representatives to the United Nations group of countries that do not have access to the sea, [ER]. Access mode: <http://mfa.gov.kz/index.php/kz/poslednie-novosti>
- 12 Concept of Transition of Kazakhstan to Sustainable Development for 2006–2024 years, [ER]. Access mode: http://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000216_
- 13 Erkenbaeva L. *Legal aspects of investment attractiveness of the environmental activities in the Republic of Kazakhstan*, [ER]. Access mode: http://i-news.kz/news/2011/04/01/4297481-aktualnye_voprosy_i_analiz_praktiki_prim.html
- 14 Summary. UN in Kazakhstan, [ER]. Access mode: <http://www.un.kz/pages/30.jsp>
- 15 Resolution 66/214. Specific actions related to the particular needs and problems of landlocked developing countries: outcome of the International Ministerial Conference of Landlocked and Transit Developing Countries and Donor Countries and International Financial and Development Institutions on Transit Transport Cooperation. Adopted by the General Assembly during its 66 session (A/RES/66/214), [ER]. Access mode: http://unctad.org/meetings/en/SessionalDocuments/ares66d214_en.pdf
- 16 The United Nations in the Republic of Kazakhstan. The United Nations Framework for the provision of development assistance Framework (UNDAF) for the Republic of Kazakhstan 2010–2015, [ER]. Access mode: <http://www.undp.org>
- 17 Speech by the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev at the meeting with the heads of foreign diplomatic missions accredited in Kazakhstan, [ER]. Access mode: <http://www.akorda.kz/ru/page/vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-na-vstreche-s-glavami-zarubezhnykh-diplomaticheskikh>
- 18 Meeting of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev with representatives of the UN within the VII Astana Economic Forum and II World Anti-Crisis Conference, [ER]. Access mode: http://www.akorda.kz/ru/page/page_216810_vstrecha-s-predstaviteli-oon-v-ramkakh-vii-astaninskogo-ekonomicheskogo-foruma-i-ii-vsemirnogo-antikrizis

Д.Б. Кошербаев

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: kosherbaev_das@mail.ru)*

Саяси имидждің даму тарихы

Мақалада саяси имидждің тарих беттерінде көрініс алуы мен ұлы ойшылдардың, саясаткерлердің «бейнесін» өзгерту мәселесі сөз етілді. Саясаткердің халық алдында қандай болуы керек. Билікті тілмен, жағымды іс-әрекеттердің көмегімен уысында ұстап қалудың жолдары ұлы ойшылдардың еңбектерінде қарастырылған. Рим және түркі ойшылдарының саяси еңбектеріндегі басшы мен қоғам арасындағы қатынас туралы тұжырымдарға шолу жасалған.

Кілт сөздер: имидж, имиджтану, саяси имидж, саяси технологиялар.

Имидж ұғымы ХХ ғасырдың соңында ғана ғылыми айналымға белсенді түрде енсе де, оның да өзге ғылыми салаларға тән өзіндік даму тарихы бар. Бүгінгі ғылыми әдебиеттерде имидж тарихы жөнінде ақпарат жоқтың қасы. Мысалы, ресейлік ғалым Г.Г. Почепцов өзінің «Имидж и выборы» атты кітабында «имидж — бүгінгі күннің жаңалығы» деп көрсетеді. Алайда саяси тұлғаның сыртқы және ішкі дүниесіне қатысты сыни ойлардың элементтерін тарихтан өткен ұлы ойшылдардың еңбектерінен көруімізге болады. Енді сөзімізге дәлел болуы үшін осы ұлы ойшылдардың шығармалары мен ой-толғамдарына шолу жасап көрейік.

Саясат пен өнер (мемлекеттік істі жүргізу өнері) туралы айтулы зерттеулерді Ежелгі Рим ғалымдары мен қоғам қайраткерлері жасаған болатын.

Марк Туллий Цицерон (б.д.д. 106–43 жж.) Ежелгі Римнің саяси қайраткері, шешен, жазушы. Ақсүйектер әулетінен. Б.д.д. 63 ж. консул болған кезінде халық арасындағы және саяси қайраткер ретіндегі беделі қатты өсті. Керісінше, інісі Квинт Туллий Цицеронды (б.д.д. 102–43 жж.) басым көпшілігіміз біле бермейміз. Алайда Квинт Туллий Цицерон саяси ілімдер тарихында алғашқылардың бірі болып саяси кеңесшілік, сайлау кампаниясын жүргізу сынды мәселелерді қарастырған болатын. «Краткое наставление по соисканию» атты қысқа шығармасында ағасына саяси сарапшы ретінде жақсы кеңестер береді.

Сонымен қатар Квинт Туллий Цицеронның б.д.д. 64 ж. өзінің консулдық қызметке тұрған ағасы Марк Туллий Цицеронға жазған бірнеше «Хаттары» [1; 126] жеткен болатын. Бұл «Хаттар» имидж тақырыбындағы шағын саяси трактат секілді және Квинт Туллий Цицерон жақын адамына жазғандықтан, басқаларға айта бермейтін ойларын ашық көрсеткендігімен құнды. Осы еңбектен қысқаша үзінді келтірелік.

Өмірін саяси қызметке арнаған адам өзін қалай ұстап, не істеуі керек? «Ол, алдымен, ораторлық шеберлігін шыңдауы керек», яғни сөз саясатқа араласудағы басты құралдардың біріне жатады. Сөздік қорды байыту жолында жұмыс істе деп кеңес береді. «Сенің әрбір сөзіңді ұйып тыңдай-тыңдай сенің талантты екеніңді танытындай етіп дайындал». «Саясаткердің басты мақсаты — адамдарды өзіне қаратып, бағындыра білуі».

«Халықтың қолдануына ие болу үшін оларды не толғандыратындығын, тұрмыстық жағдайларын, мұң-мұқтаждықтарымен таныс болу керек». «Олар тек қана уәдені емес, өздеріне деген қызметті, жомарттықпен берілген уәдені керек етеді». Бұл бәрінен бұрын кандидаттың танымал болуына және халықтың қолдауына ие болу үшін маңызды. Қазір біз бұны популизм деп атаймыз.

Саясаткерге саяси әрекетінде, арына қайшы келетін, бірақ онсыз мақсатқа жете алмайтын әдістерді қолдануына тура келеді. «Оның бірі алдау, өз ойын жасыру, өтірік айту және т.б. Өтірік те маңызды, мақсатқа жету және құрметке ие болу үшін қажет».

«Сайлау кампаниясы кезінде ол көпшіліктің көз алдында болғаны абзал. Оған белсенді қоғамдық өмірден алшақтауына немесе демалысқа кетуіне болмайды». «Кандидаттың есігі ғана емес, көзі мен жүзі үнемі адамдарға ашық болсын, бірақ оның ойын бірде-бір пенде білмесін».

«Егер оған кімде кім өтінішпен келсе, оны қайткен күнде орындауға тырысуы керек. Ал егер шамасы келмейтіндей өтініш жасаса не істеу керек? Онда қолынан келмейтіндігін түсіндіріп бастартуға болады, жақсы адам секілді. Бірақ ол саясаткер, сондықтан ешқашан да қолдан келмейді».

деп айтуына болмайды. Немесе мүмкіндік болған кезде өтінішіңіз орындалады деп сыпайы бастарту қажет».

Ежелгі грек ойшылы Плутарх (46–120 жж.) — «Мемлекеттік істер туралы» [2; 760–806] саяси трактатының авторы. Бұл трактат Плутархтың досы Манемахтың өтініші бойынша жазылған. Ол фэлсафашы, саясаткер болғандықтан, қоғамдық жұмысты ұйымдастыру, қоршаған адамдармен, тұрғындармен қалай әрекет жасау керектігі жөнінде құнды кеңес алғысы келген. Плутарх оған біраз кеңестер береді.

Оның пікірінше, мемлекеттік іспен айналысу үшін, алдымен, жақсылап ойлану керек. «Адам саясатпен билік пен байлыққа құмарлықтан немесе біреуден кек қайтару мақсатында айналыспауы керек. Онда азда болсын жүрегінде халқына деген махаббат болғаны абзал. Мұнсыз бірде-бір саясаткер алдына қойған асыл мақсатына жете алмасы анық».

«Саясаткер өз халқының психологиясын, оларды не қызықтыратынын, не ұнататындығын жақсы білгені абзал. Халықтың көңілінен шыға білуде өнер. Көңілінен шықсаң, халық саған өз ырқымен беріліп, ашылады».

«Саясаткердің барлық әрекеті «театрдағы көрермендердің көз алдында өтіп жататындықтан», ол қоршаған ортаның қолдауына ие болатындай, ел сүйсінетіндей қылықтарға толы болуы қажет. Мінезіндегі әрбір қателік, шарапқа құмарту, ұзақ ұйықтау секілді әдеттер өзін күлкіге қалдырады, жаман атақ әкеледі. Саясаткер жағымды істер мен жақсы әрекеттер арқылы көзге түсуге тырыссын. Осындай мінез оның жақсы атаққа ие болуына және халық алдында сенімді болуға септігін тигізеді».

«Әрбір адаммен тіл табыса алу қабілетінің болуы абзал. Риторикалық шеберлік, өз ойын анық жеткізе алуы, сөйлеген сөзі арқылы адамдардың жүрегіне жол табу да үлкен роль атқарады. Көмейінен шыққан сөз адамдардың жүрегін елжіретердей әсерлі болсын. Тәжірибелі саясаткердің қолында сөз жақсы құрал бола алады». Плутарх былай деп жазған: «Қасқырды құлағынан ұстай алмайсың, бірақ адам мен мемлекетті тек құлағынан ұстап жетелеу керек, халықты тек сөзбен қызықтыра аласың, ал басқа безендендірулер (дастархан жаю, ақша тарату және т.с.с.) ашаршылық кезіндегі аңдарды алдағанға ұқсайды».

Саясаткердің сөзі қандай болу керек. «Софистиканы, дөрекілікті қолдану саясаткердің сөзін әшекейлемейді. Бұндайдан бастарту керек. Ол сенімді жай адамға түсінікті болу орынды. Сөзінде мақал-мәтелді, тарихи деректерді орнымен қолданса, сенімді, қонымды болып шығады. Әзілді де ұмытпаған жөн. Айтылғандарды көпшілік алдында сөйлегенде, әсіресе қарсыласқа жауап қайтарғанда тиімді қолдануға болады. Саясаткер мағынасыз бос сөзге берілмей, алдын ала дайындалып, ойын жинақтап сөйлегені орынды. Бірақ ой ұшқырлығы мен тапқырлық та қажет».

Плутарх дауыстың ырғақты, әуенді болуына баса назар аударады. «Егер адам өзінің саяси мансабын енді бастап келе жатса, аты халық арасында әлі белгілі болмаған жағдайда өзін әділдіктің жаршысы, жақсылық үшін күрескер, шулы соттарда әлсізді күштіден қорғаушы іспетті істер арқылы көпшілікке танылуына болады. Саясаткерге атақ, шен құмарлық, өзінің ескерткішін соғу сияқты істер беделіне жағымсыз әсер етеді. Неғұрлым қарапайым болса, сол жақсы», — дейді.

«Саясаткер азаматтарға зорлық-зомбылық көрсетіп, жеке меншігіне қолсұғуға жол бермеуі керек. Өзіне көмекші қылып адал, шыншыл адамдарды алсын. Олар да билеушінің беделіне әсер етеді. Ол туралы қандай пікір, көзқарас қалыптасуы сол қоршаған адамдарға байланысты. Аздаған қателігін кешіре салу, мақтауға лайық істерін мадақтап, қызметін, талантын бағалап көтермелеп те отыру керек».

Билеушіге қызмет көбінесе «ұлылық» секілді қасиет пен байланысты дейді. «Ұлылық үлкен шеберлікті және белгілі бір жағдайда ой тазалығы мен мінез қаттылығын сақтайтын психологиялық көңіл-күйді талап етеді».

«Саясаткердің жұмысы шешім қабылдау болғандықтан, шешім қабылдауда басқа адамның пікірін тыңдауда қажет, бірақ тез келісе салуға болмайды, әбден ақылға салып, «бет әлпетінде терең ойға батқан кейіп таныту керек». Басқаның пікірін тыңдағанда, оның ойын оқып отырғандай, сезім қалдыру маңызды».

Плутарх осылайша саясаткердің қандай болу керектігін жақсы көрсете білген.

Итальяндық ойшыл, саяси қайраткер Джованни Понтано (1426–1503 жж.). Фердинанд I баласы Альфонсаның тәрбиешісі, ұстазы ретінде оған арнап, саяси-этикалық мазмұндағы «Государь» (De principere) атты дидактикалық трактат жазады. Джованни Понтаноның [3; 290–306] ойынша, «билеуші өз имиджіне тек өз елінде ғана емес, шетелде де мән бергені дұрыс. Бұл мақсатта өзі туралы тараған ақпараттарды бағыттап, тиімді қолданған жөн. Басқа мемлекеттің елшісін үлкен құрметпен

карсы алып, мұқият тыңдап, өзінің қандай дәрежеге ие екендігінді еппен сұлу байқатқан жөн. Оларды сыйлықтармен, бағалы бұйымдармен құрметтеген абзал».

Джованни Понтано бүгін мамандардың айтып жүрген имидждің кинетикалық, вербалдық, габитарлық секілді құбылыстарына да үлкен мән береді. «Адамның мейірімді жүзі мен ашық көңілі жағымды имиджді қалыптастыруы да өте маңызды роль атқарады. Қол — денені, көзқарас жанды асырайды деп тегін айтпаған», — деп жазады. Ол қатты дауыстап күлуден, бет аузын қисандатудан, қолын әрі-бері мәнсіз сермеуден сақ болуға шақырады.

Дж.Понтано сыртқы киімге де үлкен мән береді. «Талғамды киім мен әшекейлер — ұлылықтың маңызды белгісі. Киім мен әшекейді жағдайға, уақытқа, орынға және билеушінің жасына лайық киініп, тағынған жөн. Қаралы киімді салтанатты жиында немесе ала жібекті қатаң жерлерге киюге болмайды. Табиғи кемістікті жасыру үшін және келбетіңнің сұлу жақтарын айқындау мақсатында бет бояулары мен шаш үлгісін орнымен қолданып, пайдаланған орынды», — дейді.

Сән мен талғамның үнемі өзгеріп отыратындығын ескеріп, Дж. Понтано билеушіге әрдайым «алтын аралықты» ұстануды ұсынады.

Дж. Понтано билеуші имиджінің вербальді компонентіне де аса мән берген. «Саясаткердің сөзі оның ой-өрісі мен мінезінен, біліктілігінен хабардар ететіндіктен, әрбір сөзі салмақты, бет-әлпетімен және әр түрлі қимыл-қозғалыстарымен сәйкес болуы маңызды. Сөзі үзік емес, салмақты, түсінікті, анық, қысқа болуы керек. Дауыстың жоғарылығы мен төмендігі, ырғағы, естілудегі әуенділігі секілді өлшемдердің маңызын да еске салып өтеді».

Имидж мәселесі араб, түрік ойшылдарының еңбектерінде де қарастырылды. Әрине, өткен заман ойшылдарының еңбектерінен біз имидж терминін кездестіре алмаймыз. Ол тек біздің заманда пайда болып отыр. Бірақ соған ұқсас ұғымдар (ұлылық, сенім, пікір, махаббат, бедел, жақсы атақ және т.б.) саясаткердің имиджі туралы сөз болып жатқандығы жөнінде күмән қалдырмайды.

Орта Азия мен Иран өлкесінде дүниеге келген ғұламалардың еңбектерінде адамның тәрбиесі, өзгелермен қалай байланыс құру керектігі, көптің адамы өзін қалай ұстауы керектігі, шешендік және т.б. тәлім тәрбиелер сөз етілген.

Көрнекті философ, энциклопедист-ғалым, күллі әлемге Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» ретінде танылған Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ *әл-Фараби* ат-Түрки қазақтың Фараб (Отырар) қаласында дүниеге келген. Әл-Фараби ел билеушісінің қандай және кім болуы керек екендігіне ерекше тоқталады.

Әл-Фарабидің «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» еңбегінен үзінділер [4; 11, 198–201, 218–220, 225]:

27. Шын билеуші — қалаларды басқарғанда өзі қолданатын өнерде өзі үшін және қаланың басқа тұрғындары үшін басқару өнерінің шегі және мақсаты болып табылатын бақыт орнатуды өзінің талабының мақсаты және өмірлік ісі етіп алға қоюшы адам.

28. Кейбір [билеушілер] қалаларды басқарудағы мақсат ұлылық, құрметтеу және тыйым салу, бағындыру, сыйлау және даңқын асыру болу керек деп ойлайды. Құрметті қалағанда, олар өздеріне соған жетуге көмектесетін басқа бірдемелер үшін емес, өздерінің сол көздеген мақсаты үшін қалайды. Қалаларды басқарғанда өздері жасайтын әрекеттерді олар соның көмегімен осы мақсатқа жетудің құралы етіп пайдаланады.

Нағыз әкім. Ол — бірінші басшы, сондықтан оның бойында ұштасқан алты қасиет болуы керек: даналық, асқан пайымдағыштық, қалтықсыз сендіру [қабілеті], өте жақсы қиялдау [қабілеті], қасиетті (ғазуат) соғысты өзі бас болып жүргізу қабілеті және оның тәнінде қасиетті соғысты жүргізуге бөгет жасайтын еш нәрсенің болмауы. Осының бәрін өз бойында ұштастыратын адам барлық іс-әрекеттерде кімге еліктеу керек екенін, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ қою керек екенін көрсететін үлгі болады. Мұндай адам өзінің дұрыс деп тапқанынша, өзінің қалауынша басқара алады.

Ғұлама әл-Фараби екі жүзділік секілді жаман қасиеттерге де тоқталады: «Алдау, айла және екі жүзділік дегеніміз — игілік сияқты болып көрінетін пасықтық әрекеттер істеу, пасықтықпен пайда табу немесе пасықтықпен ләззат алу үшін ненің қолайлы және дұрыс келетінін мінсіз ашу».

Сонымен қатар әл-Фараби «ақыл» ұғымына терең мән береді. Өлеңдерінде ақылдың рөлінің жоғары екенін дәріптей түседі. «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде біз әрбір нәрсенің игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтамыз», — дейді әл-Фараби.

Түркі әлемінде өзіндік орны бар еңбектердің бірі — 1082–1083 жылдары жазылған аса бағалы «Қабуснама» шығармасы.

«Қабуснама» — Иран шахы Кейқауыстың ұлы Гилан шахқа арнап жазған өсиет сөздерінің жиынтығынан үзінді келтірелік: «Ей, перзентім, есінде болсын, өнерсіз жан — өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді.... Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білгенің жөн.... Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі — сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың. Өйткені қандай сөзді айтуды әдеттенсең, тіл соны айтады». Жетекшінің басты қаруы тіл және орынды, уәжді сөйлей білу. «Сөзді өз орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да, жаман көрінеді. Орынсыз айтылған сөз опық жегізеді. Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы иісі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы» [5; 20, 21].

Көпшілікпен қалай сөйлесу және көпшіліктің ортасында өз өзін қалай ұстау керектігі туралы былай дейді: «Кісі сөз өнерін білетін, шешен болуға тиіс. Ей, перзентім, сен де шешен бол, сөйлей білгін, бірақ жалған сөйлеме, сөйлесең шындықты сөйлеп, туралықты айтумен атағың шықсын». «Халық алдында сөйлеген сөзің сұлу болып, оны жұрт ықыласымен тыңдасын. Сөз өнерін меңгеріп, биік дәрежеге көтерілгеніңді жұрт сөйлеген сөзіңнен білсін» [5; 32, 36]. «Мінбеге шығып алып, көңілің қалаған, аузыңа түскен сөзді айта бермей, мақсатыңды қысқа әрі сұлу сөзбен сөйлегін. Киген киімің өзіңе қонымды әрі таза болсын». «Сөзің әсерлі болсын, естіген жұрт әр сөзіңе ризалансын. Мінбеде томсырайған тоң мінез, салғырт салқын сөзді болма. Әрдайым қимыл-әрекет үстінде көптің көңілін аударар сөйле» [5; 110]. «Жиылған топ ішінде үгіт-насихатыңды тек бір кісіге қарап айтпағын. Өйткені топ ішінде бір кісіге қарап айтылған насихат насихат емес, керісінше, айыптау болып шығады» [5; 22].

Қоғамда, достарының ортасында белгілі бір беделге ие болғысы келсе, жаман қылықтардан арылу керектігін айтады. «Құмарлықтың құрбаны, ақмақтың ашынасы, қулардың құлы болма». «Асығыс ашу мен томырық дәрекілікке әдеттенбе, сынық мінез сыпайылықтан сырт қалма, бірақ тіпті мүләйім болма, мүләйім болсаң, жоқ қылып жібереді, дәрекі болсаң, жұртты өзіңнен қашықтатып аласың» [5; 29, 30].

Көпшіл болу, халықтың баласы болу туралы былай дейді: «Ей, перзентім, қанша дана болсаң да, сен өзінді халықтан данамын деп есептеме, сен өзінді кіші санасаң, дана боласың. Өзін қарапайым ұстап, білімсізбін дейтін білімдар — нағыз дана сол» [5; 31].

Ел басқару, ел ағасы болу адамнан жақсы мінездерді талап етеді. «...Қазы болсаң, саликалы ой, салмақты мінез иесі болғын. Оралымды ойы бар, алдын болжай білетін зерек, жұрттың ішкі жандүниесін зерттеп білетін саясат иесі болуың керек. Әрбір ру топтарының әдет-ғұрпы, жол-жоралғысы мен қауымның өзіне тән діни дәстүрлерінен хабарың болсын» [5; 111].

Өзіміз байқағандай, «Қабуснама» шығармасы тәрбиелік мәнге толы туынды.

Түркі тектес халықтардың орта ғасырдағы аса көрнекті ғұламасы, сопылық әдебиеттің негізін салушы, мұсылман әлемінің біртуар ойшыл қайраткері — Қожа Ахмет Иассауи 1103 ж. Сайрам қаласында дүниеге келген. Иассауидің бізге жеткен ең көлемді туындысы «Диуани хикмет» атты хикметтер жинағы. Иассауи «Диуани хикметінде» адамгершілік, Алланы сүю, адамның жетілу жолдары және сопылық ілім сөз етіледі.

Дүние мүлік жинау, атақ құмарлық, халықтың ақысын жемеу, халық адамының қандай болу керектігі жөнінде Иассауи өз хикметтерінде жақсы сөз қозғайды. Мәселен:

*Дүние менікі дегендер — жаһан малын алғандар,
Құзғын құстай арамға белшесінен батқандар.
Мола, мүфтий болғандар — жалған жала жапқандар,
Ақты қара қылғандар: ол тамұққа түседі.
Қазы, имам болғандар — нақақ жала қылғандар,
Есектей болып жегіліп, жүк астында қалады.
Пара алған әкімдер — арамдықпен жүргендер,
Өз бармағын өзі шайнап өкінішпен қалады.
Жылы — жұмсақ жегендер, әсем киім кигендер,
Алтын тақта отырса да топырақ астына түседі.
Сенген құлдар — адалдар, садақамен тұрады,
Дүние-мүлкін сарп етіп жұмақ хорын құшады [6; 86, 87].*

Білім мен ғылым — адамның өмірлік серігі. Осы екеуі жақсылыққа жетелейді. Ал надандық тек тозаққа ғана апарды.

Осы жайлы Иассауи:

*Наданменен өткен өмірің тозақ болар,
Надан барса дозақта одан қашар.
Наданменен дозаққа қылма сапар,
Наданменен қазан айындай солдым міне [6; 41].*

Жүсіп Баласағұни (1020 ж.ш. – ө.ж.б.). «Құтты білік» — аңыз әңгіме ретінде баяндалатын даналық сөз, өсиет, тәлім-тәрбие берерлік дидактикалық тағылымдық туынды. Онда жеке адамның өзін қоғамда, үй ішінде қалай ұстай білу керектігінен бастап, хандар мен бектердің өз қарамағындағы әрбір қоғамдық топтарға қарауға тиіс екендігі жөніндегі көптеген мәселелер қамтылады. Сонымен қатар Ж.Баласағұнидың «Құтты білік» еңбегінде «тектілік», «парасаттылық», «кісілік» іспетті қасиеттер түркі тілдес халықтардың ішінде алғаш көтерілген еңбектердің бірі.

Адамның сыртқы бейнесі туралы ол былай дейді:

*Ақыл көркі — тіл,
Тілдің көркі — сөз,
Адам көркі — жүз,
Жүздің көркі — көз [7; 35].*

Адам бойындағы жаман қылықтар мен одан арылу жолдарын айтады. Ер азаматқа қандай болу керектігі жайлы кеңестер береді. Мәселен:

*Қаһар, ашу — ерге жаман қылықты,
Бұл екуі жанға жәбір қылыпты [7; 50].*

Көпшіліктің алдында және соған сәйкес абыройға ие болуда не нәрседен сақтану керектігін сөз етеді:

*Шарап ішпей, бәледен жүр қашықта,
Байқа, атанба зинақор да, пасық та.
Сақ бол, шарап, зинақорлық күйгізер,
Олар тонын кедейліктің кигізер [7; 53].*

Қарамағындағы адамдармен қандай қарым-қатынас құру керектігі туралы былай дейді:

*Ісіне сай жайсан менен қасқаның,
Кісілік қыл мәрттігіне басқаның.
Қарым қайтар қызметі асқанға,
Болып әділ атың шықсын аспанға.
Ей, падишам, жақсылықтан жалықпа —
Соған орай ізгі болар халық та.
Ей, падишам, елден еңбек аяма,
Елді сақтап, ақыл-оймен аяла [7; 106].*

Ақыл, парасаттылық және жақсы іске ұмтылу туралы, пайдалы істің игілікке жеткізетіндігі жайлы мынадай кеңестер береді:

*Түйсікті бол, білімді де таңдай біл,
Жақсы атқарып, іс тетігін аңдай біл.
Жарайтын мен жарамасты байқастыр,
Керексіз бек керек істі жайғастыр [7; 126].*

Ж.Баласағұни: «Тіл адамның даңқын асырады... Тіл адамға жапа да шектіреді. Абайламаса, басыңнан да айырады. Көп сөйлеме, сабыр қыл, әр сөзінді салмақтай айт. Он мың сөздің түйінін он сөзбен шеш». Ж.Баласағұни өз шығармасында имандылық, сабырлылық, рақымшылдық, ақыл-парасаттылық, әділеттілік, ғылым-білім, достық, бауырмалдық, адалдық, ар-ұят, қарапайымдылық, тазалық, өзара құрмет, тағы сондай сияқты құндылықтарды қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізе білді.

Қараханид дәуіріне қатысты әдеби ескерткіш — Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» атты еңбегі. XII ғасырдың аяғы — XIII ғасырдың бас кезінде жазылған мыс делінеді. Еңбектің мазмұны ар-намыс, этика, адамгершілік мәселелерін ашуға бағытталған.

Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбегінің басты мақсаты — ақыл-кеңес беру, үгіт-насихат айту. Адамдардың бойында жақсы мінез-құлықты қалыптастыру, білімге, ғылымға ұмтылу жөнінде ой қозғайды.

Тәрбие мен білімнің байланысы. Білімсіз алынған тәрбие пайдасыз. Бүкілінің қазығы білім екендігін көрсетеді. Біліктілік туралы былай дейді:

*Білікті білім жинап кәсіп өтер,
Білімнің дәмін татып өсіп өтер.
Білдірер білім елге, білім сырын,
Біліксіз білімді аттап, бөсіп өтер.
Білімсіз не айтса да білмей айтар,
Өз тілі өзінің кеп басын жұтар.
Алла өзін білімменен құт етеді,
Қайыпсыз надандықты жұт етеді.
Білімді үйренбеген талай қауым,
Құдайды қолдан жасап нұт етеді [8; 72, 73].*

Адамның дәрежесі артқанымен, адам болып қалу туралы былай дейді:

*Өзгерте ұлық болсаң өз күйіңді,
Ұмытпа шайы кесең, бөз киімді.
Дәрежең өскен сайын ұстамды бол,
Айта біл жас-кәріге сөз түйінді [7; 48].*

Басшының алыстан ойлай білуі мен ақыл түйе алуын былай суреттейді:

*Қайсыбір іс кездесе де бетпе-бет,
Оның жайын, алдын-артын ойлап өт,
Тәуір болса — тағы толған, еске тұт,
Жаман болса — қатты сақтан жайлап өт [7; 126].*

Сөз қадірі және орынды сөйлей білудің маңыздылығы жайлы мына жолдарда келтіреді.

*Беталды сөйлей берме, тіліңді тый.
Тіліңнің жүгенсіздігі бір күні басыңа жетеді.
Тілін тартпаған кісіні ақылды деуге бола ма?
Тіл мен сөздің бостығы талай басты жеді.
Адамды тіліңмен өшіктірме.
Біліп қой. Тіл жарасы жазылмайды, оқ жарасы жазылады [9; 350].*

Бұл шығармадан философияның, педагогиканың және психологияның шырмалып жатқанын көре аламыз. Бұл ғылым салалары адамды зерттейтіні анық, сондықтан Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны мәңгі маңыздылығын жоймайтын тарихи туынды.

Көрнекті түрік тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) «Тарих-и Рашиди» еңбегінде адамға білімнің қажеттілігі, адамның істерінің оны мен терісі, тілдің күштілігі мен оны орынды қолдана білу керектігі, ел билеуші әкімдерге қажетті қасиеттер және жалпы тәрбие туралы сөз етіледі.

М.Х.Дулати ел басқаратын азамат, халыққа жаққысы келсе, кішіпейіл, қарапайым, шешен, көреген, адал, әділетті болуы керек.

*Ие болу жақсы атқа — барлық жанның мақсаты,
Дүниеде тозбайтын тек сол жалғыз жақсы атың.
Ағайынның қашанда ауыр жүгін арқалас,
Елдің халін қайткенде жақсартам деп жанталас!
Күндіз-түні, ерте-кеш, сәчкеде һәм бесінде,
Менің осы кеңесім жүрсін ылғи есіңде! [10; 406]*

Баршаға қол ұшын беру. Қолдан көмекті аямау. Осының бәрі М.Х. Дулати үшін адамға абырой мен өлмес атақ әкелетін істер екендігін көрсетеді.

*Залым өлер, соңынан өлер аты жексұрын,
Адал өлер, аты өлмес, осы нағыз жақсы ырым [10; 70].*

Әділ іс жақсылыққа, абыройға бастайтын қадам. Әр кез әділдікке ұмтыл. Өз ісіңе, достарыңа, халқыңа әділ бол.

*Әділ болсаң, халықтың көңілінен шығасың,
Пайғамбарлар есігін қысылмай-ақ қағасың! [10; 88]*

Әр нәрсенің шегі бар екендігін және шектен шықпай, барға қанағат ету туралы айтады. Яғни көрсе, қызарлыққа салынбай, өлшеулі заттың қадірін білу керек, дейді.

*Әр нәрсенің шегі бар, шектен шыға алмайсың,
Қысқа болса, көрпеңді неменеге жалғайсың? [10; 64].*

Өтірік сөйлеу мен алдаудың ғұмыры қысқа. Түлкілік қылыққа салынып, қулықпен, елге ор казумен өмір сүруге болмайды. Барлық жасаған жамандықтарың өзіне қайтып келеді.

*Қулықты қой, ей түлкі, айлаң алтыс болса да,
Арыстаннан аспайсың қартайсаң да, солсаң да [10; 75].*

Татулық күнделікті өміріңе береке мен сабырлық әкеледі. Бірігіп істеген іс берекелі болады. Бірлік қараға да, ханға да қажетті іс екендігін жеткізеді.

*Бауыры мен бауыры тіл табысқан тәуірі,
Онда сені ешбір жау ала алмайды, бауырым! [10; 365]*

Және патшаларға қатысты:

*Екі патша бірін-бірі сүйемелдеп қолдаса,
Жеңем деген оларды басқаныкі далбаса! [10; 364]*

М.Х.Дулатидің адамзат қоғамы алдындағы маңызды үлесі — тұлғаны тәрбиелеуге қатысты құнды ой-пікірлері. Тәлім-тәрбиеге толы ойлары қазіргі қоғам үшін де, болашақ үшін де өміршең, құндылығын жоймайтын асыл мұра.

Есімдері тарихта алтын әріптермен жазылған ұлы ойшылдарың адам тәрбиесі, оның жаны мен тәнін «тазалықта» ұстауға қатысты айтқан ойлары өте маңызды. Адамның бойында адамгершілік, сыйластық, бауырмалдық, қайырымдылық, шешендік, ой ұшқырлығы, өз-өзін көпшілік алдында ұстай білу сияқты қарапайым, сонымен бірге өмірде аса маңызды құндылықтар ойшылдардың шығармаларында жақсы дәріптелген. Қазақтың «дала» ойшылдарының идеяларының түпкі мәні жоғары адамгершілік сана мен мінез-құлықты қалыптастыру, соның негізінде ішкі және сыртқы дүниесі бір-біріне сай, рухани және дене әсемдігі өзара үйлескен жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Қорыта келгенде, имидждің бай тарихы бар екендігін көреміз. Ол шығыстық деспотия мен алғашқы мемлекеттің пайда болуы және саяси қарым-қатынастың қалыптасуынан бастау алып, бүгінгі ақпараттық технологиялардың көмегімен күрделене түскен заманға дейін жетіп отыр. Саяси имиджтанудың әрі қарай дами берері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Фадин С.С.* Имидж: политика в свете истории // Вестн. КазНУ. Сер. психология и социология. — 2002. — № 2. — С. 126–132.
- 2 *Плутарх.* Наставления о государственных делах // Плутарх. Моралии: сочинения. — М.: Эксмо-Пресс; Харьков: Фолио, 1999. — С. 760–806.
- 3 *Понтано Дж.* Государь / Пер. с лат. Н.А.Федорова // Сочинения итальянских гуманистов эпохи Возрождения (XV в.). — М.: Изд-во Москов. ун-та, 1985. — С. 290–306.
- 4 *Әл-Фараби.* Әлеуметтік-этикалық трактаттар. — Алматы: Ғылым, 1975. — 419 б.
- 5 *Қабуснама / Ауд. Т.Айнабеков.* — Астана: Аударма, 2002. — 159 б.
- 6 *Иассауи Қ.А.* Диуани хикмет. — Алматы: Мұраттас, 1993. — 303 б.
- 7 *Құрышжанұлы Ә.* Ескі түркі жазба ескерткіштері. — Алматы: Қайнар, 2001. — 470 б.
- 8 *Иүгінеки А.* Ақиқат сыйы. — Алматы: Ғылым, 1985. — 152 б.
- 9 *Әдеби жәдігерлер: жиырма томдық. — 6-т. / Құраст. А. Әлібекұлы, С. Дәуітұлы, Б. Сағындықұлы. — Алматы: Таймас, 2008. — 488 б.*
- 10 *Дулати М.Х.* Тарих-и Рашиди. — Алматы: Санат, 2003. — 614 б.

Д.Б. Кошербаев

История развития политического имиджа

В статье исследована проблема политического имиджа в истории политических учений. Отмечено, что практически на протяжении всего существования человеческого общества фактор имиджа оказывал значительное влияние на ход политических процессов. Именно этим, подчеркнуто автором, обусловлен тот факт, что к проблеме образа идеального государства, идеального государя, так или иначе, обращались многие мыслители древности, античности, средних веков и нового времени, которые задумывались над вопросами того, каким должен быть правитель (политик) в глазах масс.

D.B. Kosherbayev

The history of the development of political image

The article examines the problem of political image in the history of political doctrines. Almost throughout the existence of human society factor image had a significant impact on the course of political processes. This stems from the fact that the problem of the image of the ideal state, the ideal of the sovereign has in some way addressed by many thinkers of ancientry, antiquity, middle ages and new time. They pondered over the questions of what must be a ruler (politician) in the eyes of masses.

References

- 1 Fadin S.S. *Bull. of KazNU. Ser. psychology and sociology*, 2002, 2, p. 126–132.
- 2 Plutarch. *Precepts about public Affairs // Plutarch.: Moralia Essays*, Moscow: Eksmo-Press; Kharkov: Folio, 1999, p. 760–806.
- 3 Pontano J. *Works of the Italian humanists of the Renaissance (XV century)*, Moscow: Publ. house of Moscow University, 1985, p. 290–306.
- 4 Al-Farabi. *Social and ethical treatises*, Almaty: Gylym, 1975, 419 p.
- 5 Kabusnama, transl. T. Ainabekov, Astana: Audarma, 2002, 159 p.
- 6 Yassau Kh.A. *Diuany hickmet*, Almaty: Murattas, 1993, 303 p.
- 7 Kuryszhanuly A. *Monuments of ancient Turkic writing*, Almaty: Kainar, 2001, 470 p.
- 8 Yugneky A. *Daristiny*, Almaty: Gylym, 1985, 152 p.
- 9 *Literary monuments: the 20-volume edition*, 6, edit. A. Alibekuly, S. Dauytuly, B. Sagyndykuly, Almaty: Taymas, 2008, 488 p.
- 10 Dulaty M.Kh. *Taryh-y Rashidy*, Almaty: Sanat, 2003, 614 p.

Н.Б. Смағұлов¹, А. Ташағыл²¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана;²Едитене университеті, Стамбул, Түркия
(E-mail: Smagulov_ist@mail.ru)**Әл-Фараби еңбегіндегі «Мәңгілік Ел» идеясының
тарихи-саяси және теориялық негіздемесі**

Мақалада ортағасыр дәуірінде ислам ғылымын өз дамуының биік шыңына көтерген әл-Фарабидің «Мемлекет басшысының нақыл сөздері» атты еңбегіне ғылыми талдау жасалған. Авторлар ортағасырдағы ислам өркениетінің барлық жетістіктеріне, сондай-ақ ғылым, білім, мәдениеттердің алға өрлеуіне Орталық Азия түріктерінің де қосқан үлесіне тоқталған. Әл-Фараби өз еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Оның мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық, саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды болып табылатына назар аударылып отырған. Авторлар ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын тарихи-саяси және теориялық тұрғыдан негіздеп, бұл идеяның ортағасырларда өміршең болуына әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің іргелі еңбектері себепші болғандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеген. Сондай-ақ әл-Фарабидің еңбегінде «Мәңгілік Ел» идеясының ғылыми-теориялық және тарихи сана тұрғысынан негізделгендіктен, бұл идеяның өміршең болып, бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының ұлттық идеясына айналып отырғанына арнайы тоқталған.

Кілт сөздер: әл-Фараби, Отырар, Бағдат, Мәңгілік Ел, ғалым, ортағасыр, өркениет, ислам, идеология, түрік, идея.

Орта ғасырларда адамзат білімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі — Қазақ топырағынан шығып, халқымыздың данышпан перзенті Әбу Насыр әл-Фараби болды. Бүгінгі күнде бүкіл дүние жүзінің мыңжылдық рухани демеушісі, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің Отаны бүгінгі қазақ жері, ал қаны түркі екені дәлелденді.

Ғұлама ғалымның шығармалары мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан ауызға жатталып, ол жазған еңбектері уақыттың тезінен, мезгілдің қатал сынынан мүдірмей өтіп, ортағасырларды және жаңа заман тарихының кезеңінде мұсылман әлемінің прогресшіл қоғамдық-саяси ой-пікірдің көш бастаушысы әл-Фараби болды. Ортағасыр дәуірінде исламдық ғылым өз дамуының биік шыңына көтерілді. Ортағасырдағы ислам өркениетінің барлық жетістіктеріне, сондай-ақ ғылым, білім, мәдениеттердің алға өрлеуіне Орталық Азия түріктері де айтарлықтай өз үлестерін қосты.

Әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасы осы уақытты билеген ғылыми ізденіс пен ақыл ұмтылысының жалпы атмосферасын бойына сіңірді. Оның білімнің түрлі саласындағы ғылыми жетістіктері тарихи-философиялық дамудағы ғылыми көзқарасын және таным мен ғылыми-зерттеу әдістемесіне рөлін анықтаудағы маңызды бөлігін құрайды.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлақ әл-Фараби ат-Түрки 870 ж. Отырар жазирасында дүниеге келген. Жазба деректер мен археологиялық зерттеулер ортағасырларда Жетісуда, Қаратауда, Сыр бойында, Тараз, Баласағұн, Сығанақ, Отырар, Сайрам, Мерке т.б. үлкенді-кішілі көптеген қалалардың болғанын көрсетеді. Бұл қалалардың сол кездерде құрылыс техникасы мен сәулет өнері едәуір жоғары дәрежеге көтерілген. Осы тұста Ұлы Даланы мекендеген түркі халықтардың адамзат өркениетіндегі орны жоғары болып, көршілес жатқан хорезм, парсы, араб елдерімен тығыз саяси, мәдени, экономикалық тығыз қарым-қатынас жасап отырған. Көне замандардан бері түркілер өзінің кешенді шаруашылығын дамытып, ірі-ірі қалалар, тұрақты мекендер салып, оларды саяси-экономикалық және мәдени орталықтарға айналдырған. Ұлы Жібек жолы арқылы жақын және алыс көршілерімен қарым-қатынас жасады. Орта ғасырлардағы Қазақстанның ең ірі мәдени орталықтарының бірі — Сырдария бойындағы Отырар алқабы болды [1; 137].

IX ғ. Отырардағы қарлық жабғысы арабтарға алым төлемегені үшін арабтардың Отырар облысын өздеріне қаратпақшы болып шабуыл жасағандарын және қарлық жабғысының ұлы мен әйелін тұтқындап алып кеткенін хабарлайды. Отырар төбенің көлемі 200 гектарға жуық. VI–VIII ғғ.

Отырар қаласы ірі орталық бола отырып, көршілес мемлекеттердің саяси өмірінде маңызды рөл атқарады [2; 186].

Отырар алқабы 300 шаршы км жерді қамтып жатқан осы алқапта 50-ден астам ескі қалалардың, елді мекендердің орындары бар. Бұл өңірде магистралдық каналдар мен арықтардың ізі көп. Олардың ең үлкені — Отырар төбе. Оның айналасындағылар: Арыстан баб, Қарауыл төбе, Қорған төбе, Бұзық төбе, Алтын төбе, Гауһар ана. Осылардың бәрі де сол Отырардың алып жатқан аудандары. Бұлардың көпшілігі Сырдарияның оң жағында орналасқан. Сонымен қатар өзеннің сол жақ бетінде де жеке бекініс қорған «Бесікқорған» болған. Әл-Фараби сол қорғандардың бірінде туған [3; 6].

Махмұт Қашқари «Диуан лұғат ат-түркі» атты әйгілі еңбегінде «Қарашоқы Фараб қаласының атауы. Бұл оғыздар шаһарларының біреуі», — деген [4; 450].

Отырарда араб, парсы ғалымдары болған. Ибн-Хаукал «Отырар шаһарының ұзындығы мен ені бір күндік жолға жетіңкіремейді. Жері тұзды және сазды келеді», — деген. Әл-Масудидің айтуына қарағанда, әр жылы жазғытұрым Сырдария тасып, Фараб шаһарының аймақтарындағы 30 фарсахты жерлерге су жайылатынын жазған. Әл-Макдиси айтуынша, бұл аймақтағы ең үлкен басты шаһар Фараб екенін нақты айтқан. Сырдарияның батыс жағалауында Кердеріден 2 фарсах төмен Весидж қонысы бар. Онда философ Әбу Насыр әл-Фараби туған. Макдисидің деректері бойынша, бұл аймақтағы ең үлкен басты шаһар Фараб екенін нақты айтқан. Шаһарда 70000 ерлер тұрады, жұма намазын оқитын мешіт, қаланың орталығы және базар орналасқан. Шаһардың бекінісінің ішінде де, рабадта да дүкендер бар. Весидж онша үлкен емес бекіністі қала. Ол «күшті әмірдің қаласы», — деген [5; 525]. Осы мәліметтерге қарағанда IX ғ. Отырар қаласы ежелден келе жатқан түркі халықтарының, оның ішінде үйсін, қаңлы, қарлұқ, оғыз, қыпшақ тайпаларының мекені және Сырдарияның орта ағысындағы ірі отырықшы мәдениеттің орталығы болған.

Әл-Фарабидің әкесі Отырар қаласы әскери гарнизонының қолбасшысы болған. Ол кезде Отырар гарнизонын қарлұқ түркілері басқарған. IX ғ. басында Отырарға шабуыл жасаған халифаттың Фадл ибн Сахл атты қолбасшысы қарлұқ жабуының Отырардағы қолбасшысын өлтіріп, екі баласы мен әйелін тұтқынға алғаны туралы дерек бар [6; 208].

Әл-Фарабидің туған жылы 870 ж., өлген жылы 950 ж. деген мәлімет ресми түрде белгіленген. Ұлы ғалымның туған жері — Отырар (Фараб), қайтыс болған жері — Дамаск (Сирия). Әл-Фарабидің туған жері Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) екенін дәлелдеп жазып, картаға түсірген арабтың атақты ғалым-географы ибн-Хаукал. Ол өзінің «Китап Масалик уа мамалик» деп аталатын географиялық еңбегінде Түркістан аймағының сипатын беріп, қалаларын картаға түсірген. Ол Отырарды жазғанда, картаға түсіргенде әдейі арнайы тоқталып: «Бұл жер атақты ғұлама, асқан философ әл-Фарабидің туған жері», — деп жазған. Ибн-Хаукал мен әл-Фарабидің жастары шамалас, оның үстіне екеуі бірін бірі жақсы білген, екеуі де Сирияның сол кездегі атақты әмірі Сайф-ад-Даулаға қызмет еткен адамдар [7; 52].

Әл-Фараби дүниежүзілік мәдениеттің дамуына терең із қалдыра отырып, ол туған елінің дәстүрлі мәдениетінің байлығымен түркі жұртына іргелес жатқан иран, үнді, араб елдерінің қол жеткен табыстарын бойына сіңірген ғұлама ғалым еді... Әл-Фараби туған кезең, яғни IX ғ. соңы мен X ғ. басы, Орта Азия мен Жетісу өңірі үшін Еуропадағы қайта өркендеу кезеңі болды [2; 208].

Әл-Фараби заманында Түркістан елі исламды қабылдап, ғылыми, мәдени салада араб тілін меңгере бастаған. Исламданған көшпелі мәдениет бұрынғы мәдениетке қарағанда әлдеқайда жоғары тұрған, рухани жағынан дамыған жаңа сатысы болып табылады. Өйткені ол жоғары сатыда этика мен идеологияға негізделген, әмбебеп өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде қызмет етеді. Көшпелілік пен исламның бірігуі түркілердің мәдени тұйықталуы жағдайынан шығып, жалпыадамзаттық интеграцияға қадам басуға мүмкіндік береді. Сондықтан әл-Фарабидің араб елдерінде болып, ғылымды сол тілде жазуы түсінікті. Ол кезде араб тілі дүние жүзінде ең жоғары ғылыми дәрежеге көтерілген тіл болатын. Әл-Фарабидің араб ғалымдары қатарында саналуы да содан [7; 53]. Шын мәнінде ислам дін әрі өркениет ретінде Шығыс елдерінің тарихи-мәдени дамуында зор рөл атқарғаны белгілі, әсіресе бұл жайт ортағасырлық кезеңге қатысты. Әл-Фарабидің заманына бастап, ол туып-өскен Отырар аймағы мұсылман әлемімен біртұтас жүйе болып, түріктердің қоғамдық-саяси және тарихи-мәдени өміріне ислам дінінің зор ықпалы болды.

Қазақстан мен Орта Азиядағы тұңғыш әл-фарабитанушы болған Ақжан Машановтың пікірінше, әл-Фараби балалық шағында сауатын Отырарда қыпшақ тілінде ашқан [8; 46]. Оның заманында Жібек жолы бойындағы түркі қалаларының, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезі еді. Бастапқы білімді ол туған қаласы Отырарда алады, одан соң Хорасанға барады. Әбу

Насыр әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарларға шығып, тез есейеді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасады [6; 208].

Кейінірек ол 16 жасында керуенге ілесіп, білімін одан сайын толықтыру мақсатында араб мәдениетінің орталығы Бағдатқа оқуға келген. Әл-Фарабидің бұл жерде ғылым үйренуге толық жағдайы келеді. Оның үстіне Бағдат халифаты IX ғ. Арун Рашид кезінен бастап ғылым жолына, өнерге бет алған адамдарға қақпасын кең ашқан және де ғалымдар үшін ерекше құрметтеді [7; 53]. Әбу Насыр әл-Фарабидің жас кезінен Бағдатқа баруының мынадай екі сыры бар. Біріншіден, сол кездегі Бағдат халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болған. Екіншіден, Бағдат шаһары ғылым мен өнер жолына бет алған адамдарға қақпасын кең ашып, барынша жағдай жасаған. Бағдатта «Баит әл-хакма» атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған [9; 3].

Ислам халифатының орталығы Бағдатқа келген әл-Фараби білім алуға және ғылыми-танымдық қызметке белсене араласып кетеді. Алғашқы кезде әл-Фараби өзін-өзі ақын, музыкант ретінде танытқан. Ғылым-білімге өте құмар, зерек әл-Фараби мұсылман бола тұрып, тіпті басқа діннің өкілдері болған оқымыстылардан үйренуге тайсалмады. Оның алғашқы ұстаздары ертедегі Александриядан, Византиядан ығысып келген ғалымдар болған. Мәселен, медицина туралы білім мен логиканы христиан оқымыстылары Юханна ибн Хайланнан, ал жаратылыстану ғылымдары мен грек тілін атақты аудармашы Әбу Башар Маттадан үйренеді. Бір нұсқада әл-Фараби шәкірт шағында ғалым Әбубәкір ибн Сиражбен жақын араласып, оған логиканы үйретіп, одан астрономияны үйренген деп айтылады. Араб елі осы жоғарыда аты аталған ғалымдарға зор құрмет көрсетіп, олардың жемісті еңбек жасауына жағдай жасап, ғылым жасауға пайдаланған. Кейін келе араб елінің өзінен және араб тілінде жазатын ғалымдардан мұсылман ғылымын жоғары дамытатын адамдар шықты. Сөйтіп, грек ғалымдары Платон, Аристотельдер бірінші ұстаз болса, әл-Фараби екінші ұстаз болып шықты [7; 54]. Өз өмірінің көп жылдарын ол араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдатта өткізді. Мұнда ол өз білімін әбден тиянақты меңгеріп, толықтырады. Көрнекті ғалымдармен байланыс жасайды, сөйтіп өзінің білімдарлығы, ақылының алғырлығы және асқан байсалдылығы арқасында көп ұзамай олардың арасында үлкен абырой-беделге ие болады. Бірақ өресі тайыз кертартпа хадисшілер оны жек көріп, ғалымның еңбектерін сынға алған. Олар әл-Фарабидің бүкіл ойының негізгі мәніне қарсы шыққан, өйткені оның дүниеге көзқарасы шынайы болмысты танып-білуге, адам бақытын о дүниеден емес, бұл дүниеден іздеп табуға меңзейтін еді. Ақыр соңында әл-Фараби лажсыздан Бағдаттан кетеді.

Тарихи деректер бойынша, жетпіске жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырған [6; 208]. Әл-Фарабидің ғылыми-философиялық көзқарастары мен бағыт-бағдарлары өте күрделі саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайларда қалыптасты. Ұзаққа созылған жаулаушылық пен идеологиялық саясат нәтижесінде құрылған жаңа мемлекет — араб халифаты енді тек жаңа орасан зор территориялар мен елдерді қосып алып қана қоймай, мемлекеттік дін дәрежесіне көтерілген ислам діні мен идеологиясы біріктірген әр түрлі мәдениеттерді қосып, жаңа қоспа (синкреттік) мәдениет туғызды.

Әл-Фарабидің қоғамдық-философиялық, жаратылыстану туралы ғылыми көзқарастары орта ғасырлардағы Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі мәдениет, философиялық және ғылыми ой-пікірлердің даму нәтижесі болып табылады. Оның дүниетанымы екі әлемнің — көшпелілер мен отырықшылар өркениетінің және Шығыс пен Грек-рим мәдениетінің өзара байланыстарының нәтижесі еді. Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясын теориялық-философиялық тұрғыдан негізін салып берген түркілердің әйгілі ойшылы, философы Әбу Насыр әл-Фараби болды [6; 208].

Әл-Фарабидің көзқарастарынан басты үш бағытты айқын аңғаруға болады. Ол дүниенің мәңгілігін, танымның болмысқа тәуелділігін мойындады, сонымен қатар ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын ақыл-парасаттан, адамның жан дүниесінен, түр мен материя ара қатынасынан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен іздеді [6; 208].

Әл-Фарабидің философиясын зерттеушілер оның бұл саладағы трактаттарын терең талдай келіп, Әл-Фарабидің философиялық мұрасында үш басты жайтты атап көрсетеді: дүниенің мәңгілігін тану, детерминизм — зерттеу принципі, яғни себептілік сыр-сипатын ашу, — ғылымның қайнар көзі; адам жанының өшпейтіндігін теріске шығарған ақыл туралы ілім. Бұл үш принцип әл-Фарабидің философиясының биік шоқтығы және ерекшеліктері болып саналады.

Әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің, яғни орғасырлық түркі және мұсылмандық дәуір тұрғысынан зерделеген жөн. Алайда ол жоғарыда аталған түсініктерді философиялық тұрғыдан алға қарай дамытады [6; 208]. Мәселен, дүниенің мәңгілігін, басының болмағанын мойындау ресми дін өкілдерінің дүниені құдай жаратқан деген доктринасына қайшы келеді. Әл-Фараби бұл жағдайда құдай бірінші, дүние екінші кезекте деген сияқты түсінік береді. Ғалымның пікірінше, қозғалыс — мүмкіндіктен шындыққа көшу, уақыт та мәңгілік, ол қозғалыстың сипаттамасы.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен Шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің реалийлеріне сәйкес «Мәңгі Ел» идеясының саяси-философиялық теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгі Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» шығармаларында баяндайды [6; 208].

Әл-Фарабидің бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады. Сондықтан бұл еңбектердегі жазылған мәселелер күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Оның мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық, саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Ол адам ғылымға түрліше тосқауыл жасайтын мемлекеттен кетіп, ғылыми өркен жайған елде тұруға тиіс дейді.

Әл-Фарабидің қоғамдық-саяси көзқарастары, әсіресе оның «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» деп аталатын еңбегінде анық көрінеді. Ғұлама ғалым «Тәнді емдеуші — дәрігер, ал жанды емдеуші — әмірші деп аталатын мемлекеттік қайраткер», — деп тұжырым жасайды [10; 512].

«Мемлекет қайраткері мемлекетті басқару өнері арқылы, әмірші, ел билеу өнері арқылы [бұл өнерді] қай жерде және кімге қолдану немесе қолданбау керектігін және тәнге денсаулықтың қандай түрін қамтамасыз ету керектігін анықтайды. Сондықтан әмірші мен мемлекет қайраткерінің өнері жайы, қалаларда [бар] басқа өнерлермен салыстырғанда, құрылысшылар басшысының барлық басқа құрылысшыларға қарағандағы жайына ұқсайды, өйткені қалаларда [бар] басқа өнерлер олардың көмегімен мемлекетті басқару өнерінің және ел билеу өнерінің көздеген мақсатына жету үшін іске қосылып, пайдаланылады, олар құрылысшылардың басқа өнерлерінің бас [сәулет] өнерін мақсатына жету үшін пайдаланылатыны сияқты», — деген анықтама береді [10; 512].

Орта ғасырлар кезеңінде мұсылмандық шығыста асқан білімді ғұламалардың негізгі басты қызметі мемлекеттік билікті қорғау және патша тағына тірек болу еді. Тақ тірегіне айналған шыққан тегі түркілік әл-Фараби ресми ислам идеологиясын қуаттап және таратушы болды [11; 66].

Әл-Фараби азаматтық ғылымның қалыптасып дамуына өлшеусіз үлес қосты. «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» шығармасында ортағасырдағы гуманитарлық білім туралы жеткілікті түсінік бере отырып, адамды тәрбиелеу мен мемлекеттік өмірді құрудың тиімді жолдарын көрсетеді. Әл-Фараби мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында ғалым мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдерін ашады. Қоғамдық-саяси мәселе бойынша кең түрде зерттеу жұмыстарын жазып, билік басындағыларға халықты қалай дұрыс басқаруға болатынын жол сілтеп көрсетіп береді.

Самарқанға келуімен қайраткерлігінің бірінші қадамы (ұстаздықтан) басталды. Әл-Исбиджаби Самарқанды билеген Наср II (523/1129), Ахмад II (523–524/1129–1130), Хасан (524–526/1130–1132), Ибраһим II (526/1132) және Махмуд II (526–535/1132–1141) қарахандарының билік тұсында Шейх әл-ислам атағымен құрметтеліп, шаһарда муфти қызметін атқарған, өмірінің көп бөлігін білімге арнаған тұлға [3; 2-т., 591].

Әл-Исбиджабидің ханафи фиқһындағы орнын оның шәкірттерінің ішінде бірінші нөмірлі, алдыңғы қатарда болған ізбасарларынан Әбу Са‘д әс-Сам‘ани және Бурхан әд-дин әл-Марғинанилардан (593/1197 к.б.ж.) білеміз [2; 213]. Тарихи-биографиялық деректер ғұламаның шығармаларынан «әл-Фатауа» және «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбектерін атаған. Зерттеу нәтижесінде біз әл-Исбиджабидің бір еңбегі ғана сақталған деп қорытындылаймыз, ол — «Шарх Мухтасар ат-Тахауи».

Шығарма

Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегі қолданбалы ислам құқығы (фуру‘ әл-фиқһ) мәселелеріне арналған. Ғұлама Самарқан жерінде өзінің еңбегін дүниеге келтірген. Бұл еңбек жергілікті Самарқан ғылым ортасына бейтаныс, сонау Мысыр жерінің ханафи ғұламасы Әбу Джа‘фар ат-Тахауидың (321–933 ж.к.б.) «Мухтасар ат-Тахауи» атты еңбегін таңдап, ондағы мәтінге түсіндірме (шарх) түрінде жазып шықты. Біз зерттеп отырған еңбектің сол кездегі бөлек ханафи шығармаларынан басқа бір ерекшелігі, оның тек ханафи ғалымдарының ой пікірлерімен шектелместен, басқа да мәзһаб ғалымдарының ойлары мен тұжырымдарын молынан келтіруінде. Төрт мәзһаб иелерін және олардың өкілдерінің пікірлері мен дәлелдерін сөз ету арқылы бұл шығарма салыстырмалы құқық (фиқһ муқаран) жанрына да тиісті екенін көреміз.

Бұл шығарманың жазылу тарихы туралы Имам әл-Исбиджабидің өзі былай мәлімет береді: «Мухтасар ат-Тахауи» еңбегін [Самарқан халқының арасына бірінші болып] таратқан Имам ‘Али ибн Әби Бәкр болды, алайда ол бұл еңбектің түсіндірмесін жазып, қағаз бетіне түсірген емес. Бұл кісіден кейін Әбу Наср Ахмад ибн Мансур әз-Зафари (484/1091)¹ бұл еңбекті тым егжей-тегжейлі етіп жазып, ұзақ түсіндірген. Бұл еңбек пайдалы және жақсы жазылған. Алайда Әбу Насрдың жазған еңбегі жаңадан білім алып келе жатқан талапкерге ауыр. Талаба бұл еңбекті меңгере алмайтын болғандықтан, мен (‘Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби) бұл еңбекті жаңартып жаздым. Жақсы істер ортасы деп, жалықтырып жіберетін тым ұзақ да емес, пайдалары аз тым қысқа да еместей етіп өзгерттім. «Ғибадат» бабын қысқарттым. Ал «Му‘амалат» бабы мен «Буйу‘» бабын кеңейтіп жаздым» [4; 25]. Дәл осы әл-Исбиджаби еңбегінен алынған үзіндіні (цитата) қолымыздағы тарихи-биографиялық әдебиет ескерткіштерінің тек екеуінде ғана келтірілген. Ол әл-Қурашидің (775/1373–1374 ж.к.б.) «әл-Джавахир әл-мудийа» және Хаджи Халифаның (1068/1657 ж.к.б.) «Кәшф аз-зунун» еңбектері. Алайда әл-Қурашидің еңбегінде бұл мәтінді Ахмад ибн Мансур Әбу Наср әл-Исбиджаби реттеген деген жаңылыс пікір ғылымда кең жайылып кеткен [3; 1-т., 336]. Бұның нәтижесінде жалғыз мәтіннің екі авторы туралы өтірік пікір тарай бастаған. Әлем кітапханаларындағы фишкаларда қолжазбалардың аттары және оның авторларының есімдері бекітіліп, қай нөмірмен сақталғандығы туралы мәліметтер жазылған². Осы фишкаларда берілген мәліметтердегі бір шығарманың авторы әр түрлі есімдермен берілгенін көре аламыз. Алайда дұрысы: бір шығарма бір ғана автор. 2- және 3-нөмірлі фишалардағы кісі есімдері бір адамға тиесілі, алайда әр түрлі етіп жазылған. 1-нөмірде берілген кісі есімі қате жазылған, шығарма ол кісіге тиесілі емес. Қорытындылап айтқанда, біз қолжазба қорларындағы «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» нұсқаларымен танысу нәтижесінде түрлі кітапхана қорларындағы фишка мәліметтеріндегі шығарма авторы әр түрлі кісілерге тағылғандығын анықтауға қатысты атрибуция жасадық. Біріншіден, шығарма мәтіні жалғыз біреу ғана екенін анықтадық. Екіншіден, бұл шығарма мәтіні әл-Исбиджабидің қаламына тиісті екеніне сенімді болдық.

¹ Самарқандағы «Чакар-диза» зиратында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде ол жерден көк тас табылған. Тас мәтіні куфи жазуымен орындалған. Тастың төменгі жағы аздап сынған. Көк тастың палеографиялық белгілерінен Самани дәуіріне жатқызуға болады. Тас мәтіні: «Бұл қабырда шейх, фақиһ, имам әл-Хафиз Әбу Наср Ахмад ибн Мансур аз-Зафари әл-Исбиджаби 484/1091–1092 жылдың джумада I айының сегізі сәрсенбиде жерленген, Алла оның қабырын нұрландырсын».

² Қолжазба фишкаларынан мысал. Бірінші қолжазба: Н. Hüsni Paşa 433 көрсетілген: Şerhu Muhtasarit-Tahavi/Ahmed b. Mansur el-Muzaffari el-Hanafi el-Isbicabi. Екінші қолжазба: Feyzullah Efendi 803 көрсетілген: Şerhu Muhtasar it-Tahavi/Isbicabi Baħaeddin Ali b. Muhammed. Үшінші қолжазбада: Şehid Ali Paşa 816 көрсетілген: Şerhu Muhtasarit-Tahavi/Alauddin Ali b. Muhammed b. Ismail el-Hanafi el-Isbicabi.

Шығарманың нұсқалары

Біздің 2013 ж. бастаған зерттеулеріміздің нәтижесінде Түркия Республикасы (Стамбул, «Süleymaniye Devlet Kütüphanesi»), «Beyazıt Devlet Kütüphanesi»), Сауд Арабиясы патшалығы (Медина, «Шейх әл-ислам ‘Ариф Хикмат»), Ирак Республикасы (Бағдад, «Диуан әл-уақф ас-сунни», «Дәр әл-махтутат»), Сирия Республикасының (Дамаск, «Мәктабат әл-Әсад») кітапханаларында сақталған шығарманың он нұсқасын анықтадық. Бұл нұсқалар «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» мәтіні және оның редакцияларымен қоса, қолжазба бойындағы түрлі бейнедегі ескертпелер, есімдер, колофонындағы мағлұматтар, жазылған қала, ел атаулары, парақ жиектеріндегі мәлімдемелер, уақф немесе жеке тұлғаларға қатысты мөрлер, форзац, нахзац парақтарыдағы мәліметтер, фронтиспис, қолжазба тарихы, оны оқыған тұлғалар және т.б. көптеген мәліметтер мол деректер береді.

I. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы «Hekimoğlu» қорында 344-нөмірімен сақталған. Қолжазба кітап 360 парақтан құралған. Бір бетте 31 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бірінші бөлімін (джуз’) («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [5, п. 1^б-360^а]. Көшірілген мерзімі – бейсенбі күні 538/1143–1144 ж.

Қағазы ашық ақ түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Шығармада мұқаба парағы жоқ, бірден үш форзац парағымен басталған. Онда мазмұны (фиһрист) берілген [5; бб. 01^а-02^а]. Титул бетінде кітап иесінің есімі жазылған: Фадл Мухаммад [5; б. 1^а]. Осы жерде шығарманың аталуы: «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бірінші бөлімі (джуз’) деп, автордың есімі келтірілген: әл-Имам әл-‘алим әл-‘аллама Имам әл-Исбиджаби. Шығарма атауының сол жақ астында «әл-Ләйс ибн Са‘д ханафи мәзһабында болған» деген жазу бар. Жеке мөрлер (экслибрис) екі рет басылған [5; п. 1^б, 360^а]. Уақф мөрлері де екі жерден қойылған [5; пп. 1^б, 360^а]. Мәтін соңында екі колофон берілген: 1) Бірінші колофонда осы нұсқаның көшірілген мерзімі: бейсенбі күні 538/1143–1144 ж. көрсетілген. 2) Екінші колофонда бұл нұсқа мәтіні басқа нұсқа мәтінімен салыстырылып (муқабала), тексерілгені туралы баяндалған және оның орындалған мерзімі көрсетілген: жексенбі, 25-шаууал 552/1157 ж. 29-қараша [5; п. 360^а].

Шығарма құрылым жағынан 66 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» сөзі қара сиямен, үлкен әріптермен, анық көрсетіліп, жазылған. Бөлімдер бірнеше бөлімшелерден (баб) құралған. Бірақ кейбір бөлімдер бөлімшелерге ажыратылмаған. Бөлімдер мен бөлімшелердің көлемі оларда қаралған мәселелердің санына байланысты, ұзын немесе қысқа болып келеді. Эт-Тахауидің тірек мәтіні «Ол айтты» (қала) деген сөйлеммен басталады. Эт-Тахауидің қозғаған мәселесі аяқталғасын, тірек мәтінге түсінік беруші Әл-Исбиджабидің сөзі беріледі. Нұсқадағы негізгі мәтін отыз бен қырық пайыз көлемінде (ол «Мухтасар эт-Тахауиға» тиесілі), ал қалған алпыс немесе жетпіс пайызы Әл-Исбиджабидің шығармасына тиесілі. Қолжазбаның мәтіні көшірілген парақ жиектерінде, оған қатысты, толықтыру мен ескертулер жазылған.

II. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы, «Sehid Ali Paşa» қорында 816-нөмірімен сақталған. Қолжазба кітап 208 парақтан құралған. Бір бетте 27 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» екінші бөлімін (джуз’) («әл-Хауала мен әл-Кафала» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [6; пп. 1^б-208^б]. Көшірілген мерзімі — 552 ж. ша‘бан айының соңғы оң күні/1157 ж. 26 қараша – 6 желтоқсан арасында.

Қағазы ақшыл түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Қолжазба кітаптің мұқабасы жоқ. Кітап екі форзац парақтарымен басталып, онда мазмұны (фиһрист) берілген [6; п. 01^{а-б}]. Титул бетінде кітап иелерінің есімдері жазылған: 1) шәйх әл-фақир Мухаммад; 2) әл-фақир ‘Абд әл-Бақи [6; п. 1^а]. Осы жерде кітап иелерінің екі мөрі үш рет соғылған. Және уақф мөрі екі рет ұрылған: уәзір Шәхид ‘Али Паша. Мөр мәтінінде кітап медреседен сыртқа шықпауы керек! деген шарт қойылған [6; пп. 1^а, 208^а]. Уақф мөрінің оң жағында аталмыш кітапті көшірген кісі есімі аталған: ‘Әли ибн Әби Бәкр ибн Мухаммад Нур әд-дин. Осы мөрдің үстінгі жағында баяндау үшін алынған тректі шығарманың аты: «Мухтасар ат-Тахауи» және бұл нұсқа оның екінші бөлімін (джуз’) қамтиды деген сөздер, шығармаға жазылған баяндаманың авторы — әл-Исбиджаби есімі келтірілген [6; п. 1^а]. Мәтін соңында үш колофон берілген (6; п. 208^а): 1. Бірінші колофонда шығарманы көшіріп жазған: ‘Али ибн Әби Бәкр ибн Мухаммад әл-Ханафи екені; ол 552 ж. ша‘бан айының соңғы оң күн ішіндегі сейсенбіде/1157 ж. 26 қараша — 6 желтоқсан аралығындағы күндердің бірінде, шығарманы жазып аяқтағаны мәлімделеді. 2. Екінші колофонда бұл нұсқа мәтіні, басқа нұсқа мәтінімен салыстырылып (муқабала), тексерілгені туралы баяндалған. Бұл жұмыс 553 ж. ша‘бан айының 25-күні, жексенбіде/1158 ж. 23 қыркүйекте аяқталғаны мәлімделеді. 3. Үшінші колофонның мазмұны екінші

колофон сияқты — салыстыру (муқабала) жұмысы атқарылғаны туралы мәлімет береді. Жаңа қосымша салыстыру (муқабала) жұмысы 553 ж. *ша‘бан* айының 24-күні/1158 ж. 23-қыркүйекте аяқталған. Үшінші колофон мәтіні қазақ тіліне төмендегідей аударылды: «Әш-шәйх әл-әдиб әл-әмджад әл-Мағриби өз қолымен жазған осы нұсқаны, шәйх, имам ‘Ала әд-диннің жазған түпнұсқасымен салыстыру жұмысын аяқтаған».

Нұсқада шығарма 79 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» сөзі қара сиямен, үлкен әріптермен, ерекшеленіп, анық көрсетіліп жазылған. Бір бөлімшенің (баб) көлемі үш, кейде төрт бетті қамтиды [мысалы, 6, пп. 1^а–5^а].

III. *Bevazıt Devlet Kütübhanesi* кітапханасында 18868-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 385 парақтан құралған. Бір парақта 25 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бірінші және екінші бөлімдерін (джуз’) («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [7, п. 1^б–385^б]. Көшірілген мерзімі 803 ж. *сафар* айының он бесі/1400 ж. 6-қараша [7; п. 385^б].

Қағазы ашық сары түсті, сиясы қара, «насах» жазуымен шебер жазылған. Шығарма мұқабасы қоңыр-қара түсті, ортасында домалақша ою бар. Бірден форзац парағы орналасқан, онда қызыл сиямен кітапханада сақталған нөмірі берілген [7; п. 01^а]. Титул бетінде кітап иелерінің есімідері жазылған: 1) есім титулдың жоғарғы орта жақ тұсында болған, ол өшірілген; 2) әл-фақир Хусам. Бірінші кітап иесінің атын өшірген, осы Хусам болуы керек; 3) әл-фақир маула ‘Али ибн Әмрулла ибн Мухаммад. Кітап иелері есімдерінің арасында бұл шығарма жазу стилінен өзгеше қолтаңбамен: «әл-имам Қавам әд-дин әл-Итқанидің (685–758/1286–1357) өз қолымен жазғаны» деген нұсқау мәлімдемесі кездеседі [7; п. 1^а]. Дәл осы титул бетінде: Имам әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегінің бірінші және екінші бөлімдері (джуз’) деп, тура орта тұстан жазылған. Тақырыптың сол жақ астыңғы тұсынан шығарма авторы «Мухаммад ибн Ахмад әл-Худжанди, ал ол әл-Исбиджаби есімімен танылған» деген жазу тағы да келтірілген. Және осы жерде шығарма мазмұны (фихрист) ықшамдатылып жазылған (мазмұны толық емес). Мазмұнның астыңғы жағында он жолға жуық шұмақ өлең жолдары берілген [7; п. 1^а]. Уақф мөрлері титулда және келесі беттерде қойылған. Мөр титулды беттен бастап, әрбір 10-, 20-парақ сайын басылған [7; пп. 1^а, 7^а, 29^а, 43^а–385^б]. Мөрде: мәртебелі уәзір Мұстафа Паша уақф кітаптарының құрамынан делінген [7; п. 1^а]. Мәтін соңында колофон берілген. Онда кітап 803 ж. *сафар* айының он бесі/1400 ж. 06-қарашада аяқталғаны мәлімделеді. Бұл кітап нұсқасы ілгеріректе 504 ж. 26-*мухаррам*/1110 ж. 16-тамыз күні жасалынған нұсқадан көшірілгені баяндалған [7; п. 385^б].

Бұл шығарма құрылымы жағынан негізгі бөлімдерден (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» және «баб» сөздері қызыл сиямен, ерекшеленіп, үлкен әріптермен, анық көрсетіліп жазылған. Бөлімшелер көлемі біркелкі емес, мәселенің санына қарай бір беттен бастап, кейде он екі бетке дейін созылады [7; пп. 1^а–20^а]. Мәтінге қатысы бар маңызды сөздер, парақ жиегіне қызыл сиямен ерекше етіп жазылған. Сонымен қатар мәтіннің парақ жиектерінде толықтыру мен ескертулер берілген. Осындай ескерту мен толықтырулардың бірінде келесідей мәлімдеме беріледі: әл-Исбиджаби оны (жалға алу мәселесінің мерзімін) қате деп есептеген, (осы Әл-Исбиджабидің сөзін) қазақ жерінен шыққан ханафи фақиһ ғалымы әл-Итқани өзінің шығармасында келтірген және оның шешімімен келіскен [7; п. 229^а]. Шығармада «әт-Тахарат» сөзі ғана бөлім болып жазылған, қалған бөлімдер бөлімше (баб) сөзімен берілген [7; п. 1^а–20^а].

IV. Медина қаласындағы «Шейх әл-Ислам ‘Ариф Хикмат» кітапханасында 3601-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 301 парақтан құралған. Бір парақта 31 жол бар. Нұсқа толық мәтінді («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [8; пп. 1^б–301^а]. Көшірілген мерзімі — 954 ж. 15-*шәууал* дүйсенбі/1547 ж. 30-қараша.

Қағазы ашық ақ түсті, сиясы қара, «насах» жазуымен шебер жазылған. Мәтін соңында колофон берілген. Көшірген кісі – Мухаммад ибн Исма‘ил ибн ‘Али бин Ахмад әл-Әнбаби әл-Әзхари. Ол 954 ж. 15-*шәууал*, дүйсенбі/1547 ж. қарашаның 30-күні кітапті аяқтаған. Уақф мөрі титул және колофон беттерінде қойылған: «Ахмад ‘Ариф Хикматулла ибн ‘Исма‘тулла әл-Хусайни уақфы. Кітап Медине қаласындағы кітапханадан сыртқа шықпасын, бұл еңбек мүмінге аманат» делінген [8; п. 301^а].

Шығарма құрылымы жағынан негізгі бөлімдерден (кітаб), негізді бөлімдер бөлімшелерден (баб) тұрады.

V. Ирак Араб Республикасының Бағдад қаласындағы «Диуан әл-уақф ас-сунни» кітапханасында 1538-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 322 парақтан құралған. Бір парақта 35 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бірінші бөлімін (джуз’) («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя»

бабына дейін) [9; пп. 1^б–332^а] қамтиды. Көшірілген мерзімі — 1139 ж. *раби' I* айының 20-күні, жұма таңертеңгісін/1726 ж. 17-қараша күні.

Қағазы ашық ақ түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Шығарма нұсқасында мұқаба жоқ, бірден екі форзац парақтарымен басталып, онда мазмұны (фихрист) [9; пп. 1^а–01^б]. Мәтін соңында колофон кездеседі. Онда көшірген кісі есімі мен аяқталған уақыты көрсетілген: әл-муфти 'Абд әр-Рахман Мухаммад әл-Мударрис. 1139 ж. 20 *раби' I* жұма таңертеңгісін/1726 ж. 17 қараша күні жазылған. Титул бетінде кітап иелерінің есімдері жазылған: 1) Мустафа әл-Хумайди ибн Мухаммад Рауиш. Ол Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» кітабін 1186/1772–1773 ж. Меккеден сатып алған. Кейінірек кітапті одан Азат әскері тартып алғандықтан, оны екінші рет қайта сатып алған; 2) 'Абд әр-Рахман Мухаммад әл-Мударрис [9; п. 322^а]. Уақф мөрлері титулда және колофон беттерінде қойылған: «мәңгілік Сулейман Паша уақына тиесілі, Сулеймания медресесінен сыртқа шықпасын, сатылмасын, силянбасын, мирас етілмесін» делінген.

Шығарма құрылымы жағынан негізгі бөлімдерден (кітаб), негізді бөлімдер бөлімшелерден (баб) тұрады.

VI. Millet Kütübhanesi кітапханасының қолжазбасы, «Feyzullah Efendi» қорында 803-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 370 парақтан құралған. Бір парақта 31 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» толық мәтінін («ат-Тахарат» бабынан әл-«Карахийя» бабына дейін) қамтиды [4; пп. 1^б–370^а]. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен көшірілген мерзімін анықтаса болады: уақф мөріндегі мерзім — 1112/1700–1701 ж.

Қағазы ақшыл түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Қолжазба кітапта мұқаба сақталмаған, бірден форзац парағымен басталады. Онда мазмұны (фихрист) көрсетілген [4; п. 01^б]. Титул бетінде кітап иелерінің есімдері жазылған: 1) Саййид 'Али ибн әл-Мауаби. Оған кітап мирас етілген, бұл кісі Стамбулдағы «Қаландар-хана» медресесінің ұстазы болған; 2) Ахмад әл-Макмур; 3) Сәййид Файда әл-Муғни [4; п. 1^а]. Титул парағының ортасында шығарманың аты берілген — «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» және шығарма авторының есімі мен қайтыс болған жылдары көрсетілген: әш-шейх әл-имам әл-'алим әл-'аллама Бәһа' әд-дин 'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби, 535/1141 ж. қайтыс болған [4; п. 1^а]. Уақф мөрлері титулда және колофон беттерінде қойылған, онда «уақф шейх әл-ислам әс-сәйид Файзулла Әфәнди, шарт, бұл еңбек Константинопілде салынған медреседен сыртқа шықпауы керек делінген. Мөр астында 1112/1700–1701 ж. көрсетілген [10; пп. 1^б, 370^б]. Мәтін соңында колофон берілген. Онда «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» еңбегіне қатысты мағлұматтар жазылған. Онда бұл қолжазба кітабын Исбиджабилердің қайсысы бірінші жазған, кім кімнен көшіргендігі туралы бір бетке жуық мәлімет келтірілген.

Нұсқада шығарма құрылымы 63 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» сөзі қара сиямен, үлкен әріптермен, ерекшеленіп, анық көрсетіліп жазылған. Бір бөлім көлемі 10, кейде 12 бетті қамтиды [мысалы, 4; пп. 1^а–12^а]. Бір бөлімде екі немесе үш бөлімше (баб) бар. Қолжазбаның мәтіні көшірілген парақ жиектерінде, оған қатысты толықтыру мен ескертулер жазылған.

VII. Süleymaniye Devlet Kütübhanesi қолжазбасы, «Yeni Cami» қорында 458-нөмірмен сақталған. Қолжазба кітап 701 парақтан құралған. Бір парақта 19 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» толық мәтінін («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [10; пп. 1^б–701^а]. Осы нұсқа парақ саны жағынан ең ұзыны болғанымен, ықшамдатылып жазылған. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен көшірілген мерзімін анықтаса болады: уақф мөрінде мерзімі берілген — 1137/1724–1725 ж.

Қағазы ақшыл түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Шығармада мұқаба жоқ, бірден форзац парағымен басталып, онда мазмұны (фихрист) көрсетілген [10; п. 1^а]. Титул бетінде кітап иесінің есімі жазылған: әл-'абд әл-фақир 'Абд әл-Бақи Файдулла. Ол кітапты, біріншіден, өзі үшін, кейін өзгелердің барлығына арнап жаздырған. Кітап Эдирне қаласында жазылған. Осы парақтың ортасында жеке мөр (эклибрис) басылған. Онда мөр иесінің есімі жазылған: 'Абд әл-Бақи. Мөрдің жоғарғы жағында, шығарманың аты берілген: «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» [10; п. 1^а]. Мәтін соңында колофон берілген. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен көшірілген мерзімін анықтаса болады: Уақф мөрлері титулда және колофон беттерінде қойылған. Мөрдегі жазу: уақф Султан Ахмад хан ибн Ғази Султан Мухаммад хан (1115–1143/1703–1730). Мөрдің астыңғы жағында мерзімі көрсетілген: 1137/1724–1725 жылы [10; п. 1^а, 701^б].

Шығарма құрылым жағынан 54 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» сөзі қара сиямен ерекшеленіп, үлкен әріптермен, анық көрсетіліп жазылған. Бір бөлімнің көлемі үш, кейде төрт бетке дейін жетеді [10; п. 1^а–5^а].

VIII. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi қолжазбасы, «Yeni Cami» қорында 457-нөмірмен сақталған. Қолжазба 352 парақтан құралған. Бір бетте 35 жол бар. Нұсқа «Шарх Мухтасар ат-Тахауидің» бірінші бөлімін (джуз') («ат-Тахарат» бабынан «әл-Карахийя» бабына дейін) қамтиды [11; пп. 1^б–352^а]. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен көшірілген мерзімін анықтаса болады. Уақф мөрінде мерзімі жазылған — 1137/1724–1725 ж.

Қағазы ашық ақ түсті, сиясы қара, «наسخ» жазуымен шебер жазылған. Қолжазба кітаптың мұқабасы сақталмаған, бірден үш форзац парақтарымен басталып, онда мазмұны (фихрист) жазылған [11; п. 01^а–03^б]. Титул бетінде шығарманың аты берілген: «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» бірінші бөлімі (джуз'). Онда шығарма авторының есімі көрсетілген: әл-Имам әл-Исбиджаби [11; п. 1^а]. Нұсқада көшірілген мерзім мәлімделмеген. Жәрдемші мәлімет арқылы оның шамамен көшірілген мерзімін анықтаса болады: Уақф мөрлері мәтіннің басында және соңғы бетінде қойылған. Мөрдегі жазу: уақф Султан Ахмад хан ибн Ғази Султан Мухаммад хан. Мөрдің астыңғы жағында мерзімі көрсетілген: 1137/1724–1725 ж. [11; п. 1^а, 352^б].

Шығарма құрылым жағынан 43 бөлімнен (кітаб) тұрады. Әрбір «кітаб» сөзі қара сиямен ерекшеленіп, үлкен әріптермен, анық көрсетіліп жазылған. Бөлімдер бірнеше бөлімшелерден (баб) құралған.

IX. Ирак Араб Республикасының Бағдад қаласындағы «Дар әл-Махтутат» кітапханасында 1467-нөмірмен сақталған. Микрофильмінен алынған нөмірі 347. Бір парақта 29 жол бар. Бұл нұсқа ақаулы (дефекті) мәтінді қамтиды: тек үш беттен тұрады. Мәтін «наسخ» жазуымен жазылған [12; п. 1^б].

X. Сирия Араб Республикасының Дамаск қаласындағы бұрынғы «әз-Заһирийя» қазіргі «Мақтабат әл-Әсад» кітапханасында 12178-нөмірмен сақталған. Бір парақта 27 жол бар. Бұл нұсқа ақаулы (дефекті) мәтінді қамтиды, тек сегіз беттен құралған. Мәтін «наسخ» жазуымен жазылған [13; п. 1^б].

Біз жоғарыдағы келтірілген он нұсқаның ішінен зерттеу жұмысын жүргізуде, тіректі нұсқа ретінде Beyazit Devlet Kütüphanesi кітапханасындағы 18868-нөмірлі қолжазба нұсқасын таңдадық. Бұл нұсқаның басқаларынан өзгешелігі, оның мәтіні анық жазылған, бөлімшелері мен қажетті нұсқаулары қызыл сиямен ерекшеленіп, өте мұқият және таза орындалған. Қолжазба нұсқасы зерттеу жұмыстарын жүргізгенге өте қолайлығына аса мән бердік. Бұған қоса, зерттеу барысында қалған нұсқаларды қосымша ретінде пайдаландық.

Шығарманың таралу ауқымы

Әл-Исбиджабидің қолжазба нұсқаларына сипаттама жүргізу барысында шығарманың таралу деңгейін айқындайтын келесідей мағлұматтар анықталды. Нұсқалардың көшірілген жеріне келетін болсақ, тек бір нұсқада оның көшірілген жері көрсетілген. Ол «Yeni Cami» қорында 458 нөмірлі қолжазба нұсқасы, Осман империясының (680–1342/1281–1924) екінші астанасы Эдирне (Адрианополь) қаласында көшірілгендігін көре аламыз [10; п. 1^а]. Келесі «Диуан әл-уақф ас-сунни» 1538-нөмірлі қолжазба нұсқасында келесідей мәлімет келтірілген. Бұл нұсқаның иесі мен көшірушісі бір кісі — Мустафа әл-Хумайди ибн Мухаммад Рауиш. Ол Әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» кітабін 1186/1772–1773 ж. Меккеден сатып алған. Кейінірек кітапті одан «Азат» әскері тартып алғандықтан, кітапті екінші рет қайта сатып алғандығын мәлімдейді [9; п. 322^а]. Бұл қолжазба нұсқасын Рауиш кезінде Меккеде тұтынғанымен, бүгінде Бағдад қаласындағы кітапхана қорында сақтаулы тұрғанын көреміз. Сонымен қатар Әл-Исбиджабидің осы ханафи шығармасы «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» сонау Медине уақфында сақталған. Ал Медине сынды мұсылман әлемінің қасиетті қалаларының жергілікті тұрғындарының көпшілігі ханбали мәзһабын ұстанғаны мәлім. Егер Әл-Исбиджабидің ханафи шығармасы «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» сонау ханбалилердің орталығында сақталуының сыры неде?! Араб түбегі «Хиджаз» XVIII ғ. Осман империясының билігінде еді. Ал онда қызмет атқарған Осман империясының басшы султандары мен олардың қарамағындағы би-болыстар ханафи мәзһаб мектебін берік ұстанатын болған. Шығарма сол аумақтардағы медреселерде сақталғанын Медине уақф мөріндегі мәлімдемеден көре аламыз: «Кітап Медине қаласындағы кітапханадан сыртқа шықпасын! Бұл еңбек мүмінге аманат болсын» делінген [9; п. 301^а]. Бұдан шығатын қорытындыға келсек, Осман империясының аумағына қарасты әкімшіліктердегі қызметкерлер мен басшылық лауазымындағы азаматтарға әл-Исбиджабидің еңбегі белсенді түрде оқытылатын болған. Бұл мәліметтерден ғұламаның шығармасы Самарқан жерінде

жазылғанымен, таралу бағыты халықаралық деңгейде дамып, оның нұсқалары әлемнің түпкір-түпкіріндегі мұсылмандардың қолдарымен көшіріліп, таралғанын осы нұсқалардағы мәлімдемелерден көріп отырмыз.

Түркия Республикасының *Bayazit Devlet Kütüphanesi* кітапханасында 18868-нөмірмен сақталған мына бір қолжазба нұсқасының титулындағы мәліметке назар салсақ. (Кітап иелері есімдерінің арасында бұл шығарма жазу стилінен өзгеше қолтаңбамен «Әл-Имам Қавам әд-дин әл-Итқанидің өз қолымен жазғаны» деген нұсқау мәлімдемесі мен ерекшеленеді) [7; п. 1^а]. Сонымен қатар осы қолжазба нұсқасының құрлымына қатысты мәтінді зерттеу барысында мәтіннің парақ жиектеріндегі толықтырулар мен ескертулерді оқу кезінде келесідей мәлімет анықталды. Мәтін қазақ тіліне төмендегідей етіп аударылды. «әл-Исбиджаби оны (мәселені) қате деп есептеген, (осы Әл-Исбиджабидің сөзін қазақ жерінен шыққан ханафи фақиһ ғалымы) әл-Итқани өзінің шығармасында келтірген және оның шешімімен келіскен» [7; п. 229^а]. Біз бұл мәлімдемелерден Қазақстан жерінен шыққан ғұлама Қавам ад-дин әл-Итқани әл-Исбиджабидің «Шарх Мухтасар әт-Тахауи» шығармасымен жақсы танысып, бұл еңбектен пайдаланғанын кітап денесінде сақталған куәлігінен көре аламыз. Ол әл-Исбиджабидің кітабінде келтірілген мәтінді, өз еңбегінде қолданған. Бұл дегеніміз — қазақ жерінен шыққан атақты ғұлама, әл-Имам Қавам әд-дин әл-Итқанидің өзі аталмыш еңбекке сілтеме беру арқылы, әл-Исбиджабидің фикһ саласындағы орнын, оның көзқарастарын ерекше бағалайтындығын, олармен санасатындығын біздерге баяндап тұр. Бұл мәліметтерден ғұламаның жазған шығармасы «Шарх Мухтасар ат-Тахауи» XI–XII ғғ. салыстырмалы фикһ мәтіндерін өзінің бойында қамтығандықтан, сол кезеңдегі күрделі мәселелерге жауап қайтарған, фикһ муқаран бойынша тіректі еңбек болып есептелген. Қолжазба нұсқаларындағы мәліметтерден біз келесідей тұжырым жасадық. Осман империясы мұсылмандық білім беру үрдісінде шығарманы мемлекеттік оқыту жүйесіне енгізген. Сонымен қатар шығарма «шейх әл-ислам» орталарында да белсенді түрде оқылатын болған.

Шығарманы жазу стилі

Әл-Исбиджаби ат-Тахауи мәтінін түсіндіріп, баяндауы келесідей: Әт-Тахауидің тірек мәтіні «Ол айтты» (қала) деген сөйлеммен басталады. Автор Әл-Исбиджабидің сөзі арнайы ат-Тахауидің сөзіндей (қала) сөзімен басталмаған. Өзгеше сия түстерін қолданумен де ерекшеленбеген. Автордың сөзін аңғару үшін «Мухтасар ат-Тахауидің» кітап мәтінімен салыстыру нәтижесінде анықтауға болады немесе нұсқаны мұқият оқу керек [14; 15]. Нәтижесінде Әт-Тахауидің қозғаған мәселесі аяқталғасын, тірек мәтінге түсінік беруші (шарх) әл-Исбиджаби өзінің сөзін келтіреді. Шығармада әт-Тахауиге тиісті бөлік отыз бен қырық пайыз көлемінде, әл-Исбиджабидің шығармасының мәтіні алпыс немесе жетпіс пайызын құрайтынын анықтадық. Әл-Исбиджаби өз шығармасында бірінші орынға Әбу Ханифаның фатуаларын, әрі қарай оның екі шәкірті — Әбу Йусуфпен (182–798 ж.қ.б.) әш-Шәйбани (189/804–805 ж.қ.б.) фатуаларын келтіреді. Әл-Исбиджаби көтерілетін мәселелерді көбінесе өмірмен ұштастырып отыруға тырысқан. Сол себепті Самарқанд сияқты қалаларда дамыған ауыл шаруашылығы (бидай, арпа, жеміс-жидектер т.б.), мал шаруашылығы (қойдың сатылуы, сүтті ірі мал т.б.), сауда-саттық (үй сату, үйді жалға беру т.б.) көптеген мәселелерді кеңінен ашып, егжей-тегжейлі сөйлеген. Осындай сол кездегі өмірмен тығыз байланысы бар фикһи мәселелерді талқылағанда оқушыға түсінікті болу үшін, өзінің тұрып жатқан немесе туылған жері сияқты жергілікті халыққа мәлім болған Исбиджаб, Самарқанд, Бұхара сынды қалаларды мысалға келтіріп жазған [7; п. 184^б].

Шығармадағы тіректі дереккөздер

Ол ханафилердің классикалық жолын ұстанған. Шығармада ханафилердің ережелерін баяндау жолында ислам дінінің тіректері Құран, хадис және фатваларға негізделген: әл-Исбиджаби шығармада ханафи мәзһаб ғалымдарымен жазба деректерден ханафи мәзһабының негізін құраған Мухаммад ибн әл-Хасан аш-Шайбанидің (189/804–805 ж. қ.б.) «Захир ар-риуайа» сын, оған кіретін («әл-Мабсут», «әл-Джами' ас- сағир», «әл-Джами' әл-кабир», «әз-Зийадат», «Китаб ас-сийар әл-кабир» және «Китаб ас-сийар ас-сағир») еңбектеріне молынан жүгінген. Сонымен қатар Әбу әл-Ләйс Наср ибн Мухаммад ас-Самарқандидің (373/983–984 ж. қ.б.) «әл-‘Уйун» және ‘Убайдулла ибн Хусейн әл-Кархидің (340/951–952 ж. қ.б.) «Мухтасар әл-Кархи» сынды еңбектерін де молынан қолданған. Араб тілі мен әдебиеті салаларында Исма‘ил ибн Харун әл-Қали әл-Бағдадидің (356/966–967 ж.қ.б.) «әл-Әмали» шығармасын да пайдаланған. Ханафи мәзһаб ғалымдарының сенімді деген әл-

уsul (негізгі) және фуру³ (қосымша) еңбектеріне сүйенген. Әбу Ханифадан бастап, ханафи ғұламаларының иджама⁴ негізіндегі фәтваларында сөйленбей кеткен мәселелер болса, салыстырмалы кийас⁴ тәсілдерін қолданады. Кейбір фатвалардың жергілікті өлкенің әдет-ғұрыпы, саяси ұстанымы және басқа да әлеуметтік мәселелеріне қарама-қайшылық танытқан кезде, фатваларды өзгертіп жаңа фатва шығару арқылы истихсан⁵ тәсілдерін қолданған. Сонымен қатар ханафи ғұламаларының негіздерімен шектелместен, басқа мәзһаб ғалымдарының айтқан дәлелдерін де молынан келтірген.

Қорытынды

Әл-Исбиджабидің шығармасын зерттеу барысында келесідей қорытындылар жасадық:

Әл-Исбиджаби XI ғ. 60-жж. қазақтың Исбиджаб қаласында дүниеге келген. Оның өмірі толығымен Қарахан сұлтандарымен тығыз байланыста өтті. Қарахан басшыларының он бірін басынан өткерген ғұлама ұзақ өмір сүріп, XII ғ. орта тұсында 79 жасты толтырып, Самарқанд шәһарында дүние салды.

«Шарх Мухтасар ат-Тахауи» шығармасы екі кісі есімімен танылып келді. Бұл қате пікірді әл-Қураши таратқан. Шығарманы Исбиджабтың өкілі Әбу Наср Ахмад ибн Мансурға тиесілі еткен. Алайда біз қолымыздағы шығарма нұсқаларына атрибуция жасау нәтижесінде шығарма авторына қатысты қателікті анықтадық. Шындығында, шығарма мәтіні біреу және ол «Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабиға тиесілі екенін анықтадық.

Шығарманың сақталған он нұсқасы белгілі. Оларға тарихи-филологиялық, шығыс қолжазбаларына қолданылатын палеографиялық және кодикологиялық тәсілдерді қолдану арқылы оның Орталық Азиядан Кіші Азия бағытында Осман империясының ортағасырлық кеңестігіне таралғанын анықтадық. Шығарма патша сарайларында сақталып, Осман мемлекетінің медреселерінде оқу құралы ретінде оқытылған. Бұл мәліметтерді шығармадағы жеке экслибристер мен уақф мөрлерінің мәтіні арқылы анықтап отырмыз.

Әл-Исбиджаби шығармасының басқа фикһ еңбектерінің қасындағы бірегей ерекшелігі — оның салыстырмалы құқық (фикһ муқаран) жанрында жазылуында. Ғұламаның бұл еңбекті жазудағы жаңа шыл тәсілдері мен ойлары, «Ала» ад-дин әл-Касани және Бурхан әд-дин әл-Марғинани сынды беделді тұлғаларға ықпал еткенін көреміз. Әл-Исбиджабидің аталмыш жаңа тәсіл-әдістерін Қазақ жерінен шыққан ғұлама әл-Итқани жоғары бағалаған. Оның осындай новаторлығын негізге ала отырып, XVI ғ. Оман империясының өкілі Ибн Камал-Паша (940/1534 жаңашылдығын қ.б.) «Али ибн Мухаммад әл-Исбиджабиге «муджтахид» атағын берген.

Қазақстан ғұламасының аталмыш шығармасы Исбиджаб және оның айналасындағы өңірлердегі ортағасырлық мәдениет, әлеуметтік өмірі, оның экономикасы, саяси және діни өмір болмысындағы фактілерді қамтыған.

Әдебиеттер тізімі

1 *Наджм әд-дин 'Умар ибн Мухаммад ибн Ахмад ан-Насафи*. әл-Қанд фи зикр 'улама' Самарқанд (Сахарная книга в упоминании улемов-богословов Самарканд) / Йусуф әл-Нади. — Тихран, 1420/1999. — 864 б.

2 *Абу-л-'Адл Зайн ад-дин Қасим ибн Қутлубуға*. Тадж ат-тараджим фи табақат әл-ханафийа. — Бейрут: Дар ал-Ма'мун ли-т-турас, 1992. — 419 б.

3 *Ибн Әби-л-Вафа' әл-Қураши әл-Ханафи*. әл-Джавахир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа: 5 т. / 'Абд әл-Фаттах Мухаммад әл-Хулв/Хилв. эр-Рияд: Дар әл-Ихйа', 1413/1993.

4 *'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби*. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Millet Genel Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы. — «Fezullah Efendi» қоры. — № 803. — 370 п.

5 *'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби*. Шарх Мухтасар ат-Тахауи (түсіндірмелер мухтасар ат-Тахауи). Süleymaniye Devlet Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы. — «Hekimoğlu» қоры. — № 344. — 360 п.

6 *'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби*. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы. — «Şehid Ali Paşa» қоры. — № 816. — 208 п.

7 *'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби*. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Beyazit Devlet Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы. — № 18868. — 386 п.

³ Ханафи мәзһабындағы ғалымдардың құран мен сүннетке келемеген мәселелерге бір ауыздан келісіп үкім шығаруы.

⁴ Құран, сүннет және иджама'та келмеген фикһи мәселелердегі ұқсастықтар турасында (аналогия), мұсылман ғалымдарының бірігіп берген үкімі.

⁵ Шариғи үкім беруші мәтіндер болмаған жағдайда үкім табушы (шығарушы) құрал.

- 8 'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. «Шейх әл-Ислам 'Ариф Хикмат» кітапханасының қолжазбасы. — № 3601. — 301 п.
- 9 'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. «Диван әл-уақф ас-сунни» кітапханасының қолжазбасы. — № 1538. — 322 п.
- 10 'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы. — «Yeni Sami» қоры. — № 458. — 701 п.
- 11 'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Süleymaniye Devlet Kütüphanesi кітапханасының қолжазбасы. — «Yeni Sami» қоры. — № 457. — 351 п.
- 12 'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Дар әл-Махтутат» кітапханасының қолжазбасы. — № 1467. — 280 п.
- 13 'Али ибн Мухаммад әл-Исбиджаби. Шарх Мухтасар ат-Тахауи. Мактабат әл-Әсад» кітапханасының қолжазбасы. — № 12178. — 300 п.
- 14 Ахмад ибн Мухаммад ибн Салама ат-Тахауи. Мухтасар ат-Тахауи / Әбу-л-Вафа' әл-Афғани. — Бейрут, 1406/1986. — 478 б.

B.M. Manabaev, D.A. Ahmad Hamad

Religious situation in the cities of Kazakhstan

The invasion and spreading of Islam into Kazakh land, so the establishing of the local medieval Islamic society nowadays are problems that still being unsolved. At the moment it's paying a big attention to study this issue. The main prevention on researching of the local Islamic history of Kazakhstan is the lack of the primary sources. Medieval written sources could give us the huge information on the ways of adhering of Islam, social and policy welfares, scholar milieu, State power members, khans operating in Kazakh cities, and neighbor countries.

Б.М. Манабаев, Д.А. Ахмад Хамад

Религиозная ситуация в городах Казахстана

Авторами отмечено, что история распространения и эволюции исламской религии в Казахстане, ее влияние на общественно-политические и духовные процессы остаются малоисследованной темой. Одна из причин, подчеркнута в статье, — это малочисленность письменных источников, созданных в местном социуме. Большим потенциалом в этом отношении, выделено авторами, обладают сочинения, составленные местными учеными-богословами, которые отражают конкретные проявления тогдашней жизни простых людей, ученых кругов, государственных деятелей, их менталитет и духовную культуру.

References

- 1 'Umar ibn Muhammad ibn Ahmad al-Nasafi, Najm al-Din. al-Qand fi dhikr 'ulama' Samarqand / tahqiq Yusuf al-Hadi. Tihran, 1420/1999, 864 p.
- 2 Qasim ibn Qutlubugha, Abu-l-'Adl Zayn al-Din. *Taj al-tarajim fi tabaqat al-hanafiyya / Crown of Biographies in the Classes of the Hanafi Theologians*, Bayrut: Dar al-Ma'mun li-l-turath, 1992, 419 p.
- 3 Ibn Abi-l-Wafa' al-Qurashi al-Hanafi. al-Jawahir al-mudiya fi tabaqat al-hanafiya / *Glowing Gems in the Classes of the Hanafi Theologians: in 5 volumes / tahqiq 'Abd al-Fattah Muhammad al-Hulw/Hillw*. Riyad: Dar al-Ihya', 1413/1993.
- 4 'Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library «Millet Genel Kütüphanesi», fund of «Feyzullah Efendi»*, 803, f. 1^a-370^a.
- 5 'Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library Süleymaniye Devlet Kütüphanesi, Fund «Hekimoğlu»*, 344, f. 1^a-360^b.
- 6 'Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library Süleymaniye Devlet Kütüphanesi, Fund «Şehid Ali Paşa»*, 816, f. 1^a-208^b.
- 7 'Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library «Beyazit Devlet Kütüphanesi»*, 18868, f. 1^a-386^b.
- 8 'Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library «Shaykh al-Islam 'Arif Hikmat»*, 3601, f. 1^a-301^b.
- 9 'Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library «Diwan al-waqf al-sunni»*, 1538, f. 1^a-322^b.

- 10 ‘Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library «Süleymaniye Devlet Kütüphanesi», fund of «Yeni Cami», 458, f. 1^a–701^b.*
- 11 ‘Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library «Süleymaniye Devlet Kütüphanesi», fund of «Yeni Cami», 457, f. 1^a–351^b.*
- 12 ‘Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library «Dar al-Makhtutat», 1467. 1^a–280^b.*
- 13 ‘Ali ibn Muhammad al-Isfijabi. Sharh Mukhtasar al-Tahawi. *The manuscript of the Library «Makatabat al-Asad», 12178. 1^a–300^b.*
- 14 Ahmad ibn Muhammad ibn Salama al-Tahawi. *Mukhtasar al-Tahawi / tahqiq by Abu-l-Wafa’ al-Afghani*, Bayrut, 1406/1986, 478 p.

P.P. Solochshenko, B.K. Dyusalinova, A.G. Ulzhabayeva

*Ye.A. Buketov Karaganda State University
(E-mail: 2new_life@mail.ru)*

The phenomenon of international terrorism in the context of epistemological discourse

The article deals with the definition of the «terrorism» concept, the essence of the problem of terrorism in the work of CIS scientists and abroad. The relevance of the study is substantiated. The authors have attempted to overcome the ambiguity of the term «terrorism». The attention is focused on the complex problem of a single definition of the terrorism phenomenon as a basis for international cooperation. Strategy of fight against terrorism depends on importance of definition of this term. The problem of finding a common definition of the phenomenon of terrorism at the international level is one of the most difficult challenges in the way of an effective response to the threat. Moreover, only a common understanding of the term can be the basis for international cooperation.

Key words: international terrorism, international cooperation, globalization, conflicts, terror, politics.

Actuality of the theme is due to primarily to the fact that terrorism has become one of the global problems of modern civilization, threatening the stability and security of the international community as a whole. In all its manifestations it has become one of the most dangerous in its scope and the unpredictability of the effects of socio-political and moral problems with which humanity has entered the twenty-first century [1; 281, 282].

The manifestation of terrorism entail massive human losses, destroyed spiritual, material and cultural values, which is impossible to recreate for centuries. It breeds hatred and distrust between the social and national groups. The terrorist attacks have led to the need for an international system to deal with it. For many people, groups, organizations, terrorism has become a way of solving problems: political, religious, national. Terrorism is one of those types of criminal violence, whose victims could be innocent people, anyone who has no relation to the conflict. Terrorism — specific phenomenon of social and political life; one of the options tactics of the political struggle, involving the use of ideologically motivated violence.

In modern conditions there is an escalation of terrorist activities of extremist individuals, groups and organizations, its character becomes complicated, and the sophistication of anti-humane acts of terrorism are increasing.

None of the researchers won't be able to designate the exact date of emergence of terrorism as a method of political struggle. It is only known that the terrorism traces the roots back to depth of centuries. Its first rudiments can be found in the ancient time. The terrorism was always closely connected with the relations of people concerning the power, it is a struggle for power contributed to its rise.

Ancient papyruses have kept data on acts of terrorism as a result of which many Pharaohs among whom there was also a young man Tutankhamun, eliminated from political arena by means of poison have fallen. According to the Egyptian historian Manefon, living in the 4th century B.C. at the end of the period of the Ancient kingdom in Egypt, the time of troubles of domination of total terrorism has begun.

Roman civilization, which came as though to replace the Egyptian, had its «terrorist tradition» of which survived more vivid and a distinct mark on history. In the famous book of the Roman historian and writer Gaius Suetonius Trankvila «Lives of the Twelve Caesars» includes events that span two centuries of Roman history. Eight of the twelve Caesars from this galaxy were killed in terrorist attacks.

The modern international terrorism is the companion of globalization which directed, as it is paradoxical, the efforts to its blasting [2; 21–28].

In recent years, the problem of international terrorism has become one of the most pressing global problems connected with the sphere of international relations. This transformation is due to, in our opinion, the following factors:

First, international terrorism, unfortunately, is becoming more widespread on a global scale. It manifests itself in the regions of traditional international conflicts (for example, the Middle East, South Asia), and from this dangerous phenomenon were not insured and the most developed and prosperous countries (in particular the USA and Western Europe).

Secondly, international terrorism poses a serious threat to the security of individual countries and the world community as a whole. Annually in the world hundreds of acts of international terrorism are committed, and the sad account of the victims makes thousands of dead and maimed people;

Thirdly, for fight against the international terrorism there aren't enough efforts of one great power or even group of the advanced states. Overcoming the growing international terrorism as a global problem requires a collective effort of the majority of states and nations on this planet, the entire international community.

Fourthly, more and more obvious and evident is a communication of a modern phenomenon of the international terrorism with other actual global problems of the present. Now the problem of the international terrorism has to be considered as an important element of all complex of universal, global problems.

The phenomenon of terrorism includes a variety of aspects that may be the subject of social, political, legal research. It is so complex and multifaceted that literature still has not developed its unambiguous definition. Development of the generally recognized definition is complicated by the fact that the development of international terrorism is much faster than its interpretation. At the present stage of development of the phenomenon to draw a clear distinction between the manifestations of «terrorism» and «international terrorism» is extremely difficult.

The term «terrorism» — one of the most disputed in academic and analytical as well as in the media and everyday discourse. According to B. Hoffman, about terrorism — «most people have a vague notion or impression, but there is a more precise, specific and quite explanatory definition» [3; 15].

Despite widespread use of the term «terrorism» as R.B. Absattarov considers, «until now, there is no standard definition and the analysis of a number of works of such scientists as N.A. Abuyeva, L.A. Baygeldinov, A.M. Dzhunusov, A.Sh. Ishmukhamedov, R.K. Kadyrzhanov, A.N. Nysanbayev, D.N. Nazarbayeva, S.Z. Narmatov, G.R. Nurymbetova, T.S. Sadykov, M.B. Sarsenbayev, T.S. Tatimov, G. Ausharip, M.S. Ashimbayev, K.I. Bayzakov, A.K. Bakayev, M. Galimov, R.T. Zavotpayev, Zh.U. Ibrashev, S.S. Kazekeyeva, L.R. Karatayeva, M. Mukhanov, Indicates that overall almost all researchers in the development of the definition of terrorism is the desire to more clearly distinguish between the concept of «terror» (the violence of the strong over the weak (the state over the opposition)), «terrorism» (the use of violence and intimidation of the weak (the opposition) on towards strong (state)), «terrorist act» [4; 621–624]. Also R.B. Absattarov, pays our attention to scientists of the neighboring countries, namely to the Uzbek and Kyrgyz scientists among whom in his opinion «works of S.K. Abdrakhmanov, K.Z. Alimov, N. Vavilov, K.I. Dzhayanbayev, S.R. Kakharov, A.R. Rakhmanov, T.I. Sayfutdinov, K.M. Osmonoliyev should be noted, whose works are devoted to «improvement of the theory and practice of fight against the international terrorism in its various manifestations» which believe that looking for universal definition of terrorism is not more efficiently, but should only be limited to certain of its features, and according to the Russian scientists such as, Yu.I. Avdeyev, Yu.M. Antonyan, I.I. Artamonov, N.S. Beglova, I.P. Blishchenko, V.V. Vityuk, I.I. Karpets, V.I. Karpova, M.V. Korotkova, O.A. Kolobov, D.B. Levin, V.V. Luneyev, L.N. Modzhoryan, M.A. Sargsyan, N.D. Eriashvili who believe it would be useful to try to give a working definition of terrorism at the legal level» [5; 32].

Martha Crenshaw, a professor of US Wesleyan University believes that «the most appropriate definition to meet the requirements of reality is the following definition of terrorism — a criminal offense consisting in the use of violence or threat of violence against individuals or groups of individuals, accompanying with intimidation of violence and deliberate creation of an environment of fear, the depression, intensity for the purpose of rendering impact on decision-making beneficial to terrorists and differing in the increased public danger and public nature of its commission» [6; 74].

Existing differences not only provoke a lively scientific debate, but also help to isolate an independent direction, focused exclusively on the content category. The causes of profound differences can be found at both the conceptual and the linguistic levels — «the word contains a fundamental ambiguity in terms of linguistic and political analysis», because «it combined descriptive and prescriptive aspects», and when the action is perceived as a «terrorist», it is supposed that its subject same [7; 329]. The main problem with the use of the term is that it usually represents reality in the different order. Sometimes the terrorism is used for the description of equipment, and another time is a behavior. T. Thornton means this aspect when emphasizes that it is possible to call the behavior directed on induction of fear terrorism or objective terrorism.

Terror is considered as a way of induction of fear by the repeating violent acts. It is connected with the word «terrere» which is translated from Latin as «to intimidate, frighten». The Latin word «terror», S. Bratkovski notes, is close on sounding to «terra» — the earth and, is obvious, connected with earthquakes

